ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың жарлығына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылу жөніндегі Есеп комитеті 2020 жылдан бастап республикалық бюджеттің шоғырландырылған есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізіп, аудиторлық қорытынды дайындауы тиіс. Алайда, республикалық бюджеттің шоғырландырылған есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу барысында келесідей мәселелерді анықтадық:

Бірінші мәселе мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына толық көшпеуінен орын алып отыр. 2014 жылдан бастап мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп жүйесінің реформалануын және оның халықаралық стандарттарға сай болуын қамтамасыз ететін тетіктің болмауы, қазіргі таңда қолданыстағы БЕ және ҚЕ әдіснамасының өзектілігін жоғалтуына алып келеді. Яғни, еліміздегі мемлекеттік секторда БЕ және ҚЕ қалыптастыру бойынша қолданыстағы әдіснамасының бірқатар тұжырымдамалық аспектілері бойынша ҚСХҚЕС-на сәйкес келмейді. Себебі бастапқыда ҚСХҚЕС-на көшуді көздейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде базалық стандарттардың негізгі ережелері ғана имплементацияланып, ҚСХҚЕС-ын енгізуге бағытталған мемлекеттік сектордың бухгалтерлік есеп жүйесін одан әрі кешенді реформалау жүргізілмей, ҚСХҚЕС-на жаңа 9 стандарттың енгізілуіне қарамастан қазақстандық әдіснамаға ешқандай өзгерістер енгізілген жоқ.

Нәтижесінде, мемлекеттік ұйымдарда БЕ және ҚЕ активтердің дұрыс бағаланбауы, қаржылық инвестициялардың дұрыс есепке алынбауы сияқты т.б жүйелі қателіктердің орын алуына алып келді.

ХҚЕС сәйкес жасалмаған республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің объективтілігі және дұрыстығы күмән тудырып, ЕК МА жүргізу, аудиторлық қорытынды жасау және дұрыс аудиторлық пікір білдірудің мүмкін еместігіне алып келеді. ISSAI халықаралық стандартына сәйкес шоғырландырылған қаржылық жағдай мен қызмет нәтижелерінің дұрыс және объективті ұсынылуын қамтамасыз етуге құқықтық негіздің және әдіснаманың қабілетсіздігі жоғары мемлекеттік аудит органы үшін МАО-нің қаржылық жағдайы туралы аудиторлық қорытынды мен пікір қалыптастыруына бас тартуына негіз болып табылады.

Аталған мәселе қазіргі таңда өте өзекті болып табылды. Оған дәлел ретінде өндірістік тәжірибе барысында байқағанымыздай, мемлекеттік аудиторлардың аудиторлық іс-шара барысында активтерді бағалауда, займдарды есептеуде дұрыс әдіс пайдаланылмай, деректердің бұрмалануымен және сенімсіз қаржылық есептілікпен жиі ұшырасып жататындығынан айта аламыз.

Мәселені шешу жолы ретінде, қолданыстағы заң аясында Қазақстан Республикасының Үкіметімен ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, мемлекеттік ұйымдарды ҚСҚЕХС-на толыққанды өткізуге бағытталған іс-шаралар мен нақты қадамдары көрсетілген жоспар

әзірленуі қажет деп санаймыз. «МА және ҚБ туралы» Заңның 15-бабы ІАҚ уәкілеттілігіне толықтырулар енгізіп, ІАҚ- не ҚЕА жүргізу құзіретін беру арқылы осы аталмыш мәселені шешімін табуға болады. Осы мәселені шешу арқылы ҚЕА көптеген МА қамтылып, ММ-дің жалпы қаржылық жағдайы мен қызметі туралы мәліметтер алып, МАО-нің қаржылық қызметінің тиімділігін арттыру және сол бұзушылықтардың жалпы алдын-алу бойынша ІАҚ-мен ұсыныстар берілуі арқылы, ММ-дің қызмет тиімділігін арттыруға өз септігін тигізеді.

Алайда ІМА жүргізу барысында ресурстар негізінен өткен кезеңдегі бұзушылықтарды анықтауға жұмсалады. Өткен кезеңді аудитпен қамтудың Ал екінші мәселе жекелеген қаржылық есептіліктерді аудитпен қамтудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ете алмаумен байланысты.

Республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шоғырландырылған есептерінен тұрады, ол өз кезегінде бірнеше мыңдаған мемлекеттік мекемелердің есептіліктерінен құралады [1]. Есеп комитеті республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дұрыстығы бойынша қорытынды жасауы үшін жекелеген мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі ішкі мемлекеттік аудитпен барынша көп көлемде қамтылуы қажет. Бүгінгі күні қаржылық есептілік аудитін жүргізу бойынша құзырет ІАҚ берілмеген, ІАҚ аудиторлары тек қаржылық есептілік аудитін жүргізуге қатысады. Ал ІМАК ресурстары мемлекеттік органдар деңгейінде тиісті қамту деңгейін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз екені анық. Сәйкесінше Есеп комитеті басым бөлігі аудитпен қамтылмаған есептіліктерден тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілікке қорытынды жасауға мәжбүр болады.

Үшінші мәселе ІМА жүргізуде аудит пен бақылаудың айырмашылығы елеусіз қалып жатқандығы. «ҚР мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» жарлығында «Аудиттің бақылаудан ең басты ерекшелігі, аудиттің неғұрлым ескерту сипатында жүргізілуі» деп сызып көрсетілген, сондай-ақ, «МА және ҚБ туралы» ҚРЗ-ның 3 бабы 2 тармағы 2-тармақшасында «ІМА міндеттеріне: ҚР Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында мақсат еліген нәтижелерге жетуін, МАО-нің өздерінің қызметінің ұйымдастырылу тиімділігін, МАО-нің өздерінің саласы мен қызметіне сәйкес атқаратын жұмыстарының сапасын, ҚЕ-нің дұрыстығы мен нормативті-құқтық актілерге сәйкестігін тексеру болып табылатындығы» көрсетілген [2, 3 б].

Постфактумдық кезеңді мемлекеттік аудитпен қамту барысында анықталған бұзушылықтарына қатысты заң нормаларына өзгерістер еніп

бұзушылықтар анықталған қызмет саласының алдыңғы нормаларының барлық талаптарын түбегейлі өзгертетін басқа нормалар қабылданып жатады.

Өткен кезеңге ІАҚ МА жүргізу барысында анықталған бұзушылыққа жауапты тұлғалардың болмауы және тағы да басқа себептерге байланысты қателіктерді түзету, анықталған бұзушылықтарды қайта қалпына келтіру, мемлекеттік органның қызметіне түзетулер енгізу мүмкін болмайды. Сондай ақ бір мемлекеттік аудит объектісінің өткен бір жылдан үш жылға дейінгі қызметін сәйкестік аудитімен қамту үшін кемінде 1 ай көлемінде уақыт қажет болады. Бұл кадрлық саны онсызда аз ішкі аудит қызметтері үшін өте көп ресурс шығыны болып табылады. Сәйкесінше, постфактумдық кезеңді мемлекеттік аудитпен қамту ішкі аудит қызметімен жылына небәрі 8-15 МАО тексеріс жүргізіп, ІАҚ -нің тиімділігінің төмендеуіне алып келген.

Бұл мәселені шешу үшін 1977 жылы қабылданған Лим декларациясында

берілген «алдын-ала аудит» жүргізуді қолға алу қажет. Алдын-ала аудит –әкімшілік немесе қаржылық қызметті аяқталғанға дейін бақылау. Алдын-ала немесе ағымдық аудитті жүргізу арқылы ішкі аудит қызметі орын алуы мүмкін бұзушылықтардың алдын алып, тәуекелдерді барынша төмендетіп, мемлекеттік органның қызметіне түзетулер енгізе алады. Сондай ақ, алдын ала аудит жүргізу мемлекеттік органның басшылығына немесе қала әкімін мемлекеттік аудит объектісінің ағымдық жағдайы туралы жедел ақпараттар алып мемлекеттік органдардың қызметін түзету қажеттілігі туындағанда қажетті шараларды қабылдай алады.

Ағымдық аудиті жүргізу арқылы келесідей жағымды тенденцияларды байқай аламыз:

– ағымдық аудитте мемлекеттік аудит объектісінің ағымдық кезеңдегі

қызметі мемлекеттік аудитпен қамтылатындықтан, мемлекеттік аудиторлармен аудит объектісінің барлық қызметін қамтып комплекстік аудит жүргізу мүмкіндігі артады;

– ІАҚ қамтылатын мемлекеттік аудит объектілерінің саны 2-3 есе арттыруға мүмкіндігі болады;

– МА консультациялық сипатта болып, қателіктер анықталған процесстер аяқталмағандықтан мемлекеттік аудит объектісі оны жойып қалпына келтіреалады. Нәтижесінде бюджетке келтірілетін залал көлемі азайып, мемлекеттік аудит объектісі өткен кезеңді мемлекеттік аудитпен қамтуда болатын психологиялық қысымнан босайды, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың орын алу ықтималдылығы төмендейді.

Төртінші мәселе бұл МА және ҚБ жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелі. Қазіргі уақытта МАО-ның төрт буынды жүйесі бір-бірінің қызметін қайталауы, мемлекетіміздің бюджет жүйесіндегі өзекті мәселесі сыбайлас жемқорлықты толық бақылауда ұстауға және алдын алуға мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар аса үлкен жауапкершілікті талап ететін, қоғамдық сектор үшін өте маңызды қызмет атқаратын ІМА органдарының қызметкерлерінің төмен деңгейдегі, бәсекелестікке қауқарсыз жалақысы сыбайлас жемқорлық тәуекелін арттыра түседі.

Аталған мәселені шешу мақсатында, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 8-ші ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында негізгі проблемаларды көрсете отырып, 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын бекіткен болатын.

Бесінші мәселе – ММ БЕ және ҚЕ-ке сәйкестік аудитін жүргізу барысында ұйымның басшысының біліктілік дәрежесінің төмен болуынан «Мемлекеттік мекемелерде БЕ алуды жүргізу қағидалары» ҚР ҚМ 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 Бұйрығының 2-тарауының 14-бабында көрсетілген талаптарды орындамай, бухгалтерлік есеп құжаттары келесі тағайындалатын бас бухгалтерге немесе жауапты тұлғаға тапсырылуын қамтамасыз етпей бас бухгалтерді өз лауазымынан босатқан жағдайда орын алады. Арнайы құжаттар рәсімделіп, қабылдау-тапсыру актісі арқылы қабылданбаған құжаттардың жоғалған немесе жойылған болу ықтималдығы өте жоғары.

Бухгалтерлік құжаттардың болмау немесе жоғалу фактісі анықталған

жағдайда іс сотқа өтеді және мемлекеттік аудит объектісінің басшысы әкімшілік жауапқа тартылып жоғалған құжаттарды қайта қалпына келтіру міндеттеледі.

Алайда осы тектес бұзушылықтардың басым бөлігінде ұйым басшысы құжаттарды қайта қалпына келтіре алмайды.

Нәтижесінде БЕ және ҚЕ жасауда нормативті-құқықтық актілерге сәйкестілігін анықтау мүмкін болмайды. Ақпарат жетіспеушілігі мемлекеттік аудиттің жүргізілуіне тосқауыл жасайды, белгіленген мерзім ішінде аудиторлық іс-шараны аяқтауға кедергі келтіріп, сенімді аудиторлық қорытындыны қалыптастыру мүмкін болмайды.

Бұл мәселені шешуде лауазымынан босатылған бас бухгалтердің өзінің қызмет атқарған кезең барысында жасалған қаржылық есептілік және бухгалтерлік есеп құжаттарының болуына мемлекеттік ұйымның басшысымен қатар жауапты тұлға ретінде тануды ұсынамыз.

БЕ және ҚЕ сәйкестік аудитін жүргізу барысында туындайтын келесі мәселе – аудит барысында кейбір ақпараттардың түп нұсқасын алу немесе ұйым басшылығымен бекітілген құжаттарды алу мүмкіндігі заңнамамен қарастырылмаған. Барлық мемлекеттік ұйымдар өз бухгалтерлік есебін ІС Ақпараттық жүйесі арқылы жүргізеді. Мемлекеттік аудиторлар мемлекеттік аудит барысында ІС ақпараттық жүйесінде жүргізілген бухгалтерлік есеп туралы мәліметтерді сұратады, өз кезегінде ұйым бухгалтерлері сұратылған кезең бойынша жүргізілген бухгалтерлік есеп туралы мәліметтердің көшірмесін береді. Сонымен қатар, қағаз тасығышқа тігілген мемориалдық ордерлерді сұратқан жағдайда, барлық мемориалдық ордерлер тек электронды түрде жасалатындығын алға тартады.

Берілген көшірме қағаздағы мәліметтер бойынша бұзушылықтар анықталып, ол туралы мемлекеттік ұйымның бухгалтеріне ескерту жасалса, ұйым бухгалтері ақпараттық жүйеде ақау орын алуына байланысты мемлекеттік аудиторға ұсынылған құжаттағы мәліметтер дұрыс көрсетілмегендігін айтып, құжаттарға өзгеріс енгізіп, өзге көшірме мәліметтер береді.

Ал мемлекеттік аудиторларға ІС ақпараттық жүйесіне кіруге мүмкіндік беретін ұйым бухгалтерлерінің деректері мен құпия сөзін сұрату құқығы берілмегендігін ескерсек, көшірме құжаттардағы деректерге сүйене отырып мемлекеттік аудит жүргізу анықталмаушылық тәуекелін арттырып, сенімді аудиторлық қорытынды жасауға кедергі келтіретіндігі анық [3, 50 б].

Аталған мәселені шешу мақсатында келесідей шараларды қолдануды ұсынамыз:

– мемлекеттік аудиторлардың МАО-нің ІС ақпараттық жүйесіне толықтай қол жетімділігін заңнама негізінде қамтамасыз ету;

– МАО-нің басшысы мен мекеменің бас бухгалтерімен бекітілген ІС ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерді қағаз тасығыштарға орналастырып мемлекеттік ұйымның мұрағатына орналастыруды заңнама жүзінде қамтамасыз ету.

Осы көрсетілген шаралардың қолданысқа енгізілуі, МАО-мен тексерілетін мекемелердің бухгалтерлік құжаттарының қолжетімділігімен және көрсетілген ақпараттардың нақытлығымен басымдыққа ие болады. Бұл аудиторлар үшін нақты дәлелдемелер алып, шынайы және дұрыс аудиторлық қорытындыны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жүргізілген МА-тің сапасы мен тиімділігін арттырып, ММ-дің бұзушылықтарының анықталмау тәуекелін едәуір төмендететіні анық.

Әдебиеттер

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ. // [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

2. Алибекова Б.А., Жамкеева М.К., Карыбаев А.А.-К. А44 Аудит соответствия. Учебное пособие. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2020. –292 с

3. Даменова А.Ж., Организация аудита соответствия в государственных учреждениях // «Мемлекеттік аудит – государственный аудит» ғылыми-практикалық журналы. – 2020 ж. - №3 (52) – 82с.

Аннотация

В настоящее время актуальной проблемой системы государственного аудита является его проведение в государственном учреждении в связи с действиями, противоречащими законодательству Республики Казахстан, фальсификациями и сокрытием при введении бухгалтерского учета и формировании финансовой отчетности (далее - БУ и ФО). Все это связано с невозможностью формирования четкой и достоверной информации о точном размере расходования средств бюджета и государственных активов. Например, сумма финансовых нарушений, выявленных Счетным комитетом в 2020 году, составила 61 533,1 млн тенге, из них 11 % произошло по причине несоблюдения правил бухгалтерского учета. Путем проведения аудита соответствия бухгалтерского учета и финансовой отчетности можно определить, осуществляет ли государственное учреждение свою деятельность в соответствии с нормативно-правовыми актами, регулирующими его деятельность. Поэтому изучение вопросов проверки соблюдения требований достоверности и правильности бухгалтерского учета и финансовой отчетности считается одной из актуальных тем.

Annotation

Currently, the actual problem of the state audit system is its conduct in a state institution in connection with actions that are contrary to the legislation of the Republic of Kazakhstan, falsifications and concealment during the introduction of accounting and the formation of financial statements (hereinafter - accounting and financial reporting). All this is due to the impossibility of generating clear and reliable information on the exact amount of spending budget funds and state assets. For example, the amount of financial violations identified by the Accounts Committee in 2020 amounted to 61,533.1 million tenge, of which 11% occurred due to non-compliance with accounting rules. By conducting an audit of the conformity of accounting and financial reporting, it is possible to determine whether a public institution conducts its activities in accordance with the laws and regulations governing its activities. Therefore, the study of the issues of verification of compliance with the requirements of the reliability and correctness of accounting and financial reporting is considered one of the topical topics.

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮРГІЗУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

Мемлекеттік аудит мемлекеттік қаржыны және экономиканың қоғамдық секторының басқа да ресурстарын басқарудың міндетті бөлігі болып саналады. Мемлекеттік аудит институты жағдайды уақытында түзету не болмаса болашақта осындай бұзушылықтардың алдын алатын шаралар қабылдау үшін қоғамның ресурстарын басқарудың мәнділігін, тиімділігін, нәтижелілігін және үнемділігін, өнімділігін қабылданған стандарттарынан ауытқуларды ерте анықтай отырып бақылауды ғана емес, сонымен қатар профилактикалық функцияларды орындауға негізделген. Қоғамдық реттеудің ажырамас бөлігі ретінде мемлекеттік аудит басқару қызметінің нәтижелерін тәуелсіз объективті бағалауды қамтамасыз етеді және ашықтық, жариялылық қағидаты негізінде әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған түзету шешімдерін әзірлеуге және іске асыруға мүмкіндік беретін ақпарат береді. Мемлекеттік аудит органдарының нәтижелі шараларды жүзеге асыруы олардың жұмысының лайықты нысандары мен әдістерін, жоғары білікті кадрлардың, дамыған ақпараттық ортаның және жасалған нормативтік базаның болуы кезінде ғана жүзеге аса алады.

Кілт сөздер: мемлекеттік аудит, Есеп комитеті, ақпараттық жүйе, әлеуметтік-экономикалық даму, операциялық жүйе, деректер базасы, экономикалық ақпарат

Ключевые слова: государственный аудит, Счетный комитет, информационная система, социально-экономическое развитие, операционная система, база данных, экономическая информация

Keywords: state audit, Accounting Committee, information system, socio-economic development, operating system, database, economic information

Мемлекеттік аудит органдарының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеуде ҚР Экономикалық даму және сауда (ҰЭМ) министрінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 102 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес орындау қажет. Мемлекеттік аудит ИАЖ құру мен енгізудің негізгі мақсаты мемлекеттік аудит органдарының қаржылық құжат айналымын өңдеуді барынша автоматтандыру, сонымен қатар мемлекеттік аудит органдары арасындағы электрондық өзара іс-қимыл болып табылады, бұл өз кезегінде Есеп комитетінің тиімді бақылау-тексеру және сараптамалық-талдау қызметін қамтамасыз етуге әкеледі [1, б.59].

Аталған мақсатқа қол жеткізудің негізі жүйенің технологиялық және ақпараттық тұтастығын сақтау, ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған бірыңғай техникалық саясат болып табылады.

Бюджет процесіне қатысушылармен, жергілікті деңгейдегі сыртқы мемлекеттік аудит органдарымен, мемлекеттік биліктің заңнамалық органдарымен, құқық қорғау органдарымен және квазимемлекеттік сектормен ақпараттық өзара іс-қимылдарын дамыту.

Корпоративтік мазмұндағы құжаттарды жедел енгізуді, сақтауды және электрондық үлгілерге қол жеткізуге мүмкіндікті қамтамасыз ететін электрондық мұрағат жүйесінің енгізілуі.

Шектеулі еңбек және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану және бақылаудың сапалы нәтижелерін алу үшін бақылау іс-шараларын жоспарлау сонымен қатар жүргізу кезінде тәуекелдерді басқарудың кеңейтілген жүйесін дамыту және енгізуді қамтиды.

Экономикалық даму процестерін талдаудың сараптамалық-талдамалық мүмкіндіктерін арттыру жолымен ЕК ақпараттық жүйесін жетілдіру.

Есеп комитеті басшылығының шешімдерін дайындау кезінде бөлімдердің сараптамалық-талдау қызметін, сонымен қатар отырыстарды дайындау кезінде және тікелей өткізу кезінде

ЕК мүшелерінің жұмысын ақпараттық қолдауды қамтамасыз ететін Есеп комитетінің ахуалдық орталығын енгізу.

Есеп комитетінің барлық ақпараттық ресурстар мен сервистеріне орталықтандырылған қауіпсіз қолжетімділікті қамтамасыз ететін Интранет-порталын дамыту қажет [2, б.22].

Перспективада мемлекеттік аудиттің ақпараттық жүйесі келесідей ерекшеліктерге ие болуы тиіс:

1) Есеп комитеті қызметінің функционалдық процестерін автоматтандыру бөлігінде жаңа функционалдық міндеттерді, бірінші кезекте стратегиялық аудит пен тиімділік аудитін автоматтандыру аяқталуы тиіс. Бақылау объектілерінде тексерулер жүргізу тиімділігі орталық офиспен қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау мүмкіндіктері есебінен арттырылатын болады;

2) ЕК қызметкерлерін қажетті ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету бөлігінде пайдаланушылардың барлық ақпараттық сервистерге қолжетімділігі қажетті сервистер мен деректерді іздеу бойынша кең мүмкіндік беретін «бір терезе» режимінде жүзеге асырылуы тиіс. Қағаз құжат айналымы ең аз деңгейге дейін төмендеп, іс жүзінде құжаттардың барлығы Есеп комитетіне келіп түсуі қажет, сонымен қатар электронды түрде сақталуы тиіс;

3) ақпараттық жүйелермен интеграциялық өзара іс-қимылды дамыту кезінде:

4) «е-Қаржы» ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимыл жасау;

5) мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық жоспарларды іске асыру кезінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

6) «е-Статистика» ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимыл ұйымдастыру;

7) әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары бойынша ақпарат, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын орындау нәтижелері туралы есептер алу бөлігінде Ұлттық экономика министрлігінің ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимыл жасау;

8) қаржыландыру, қаражатты бөлу және оларды игеру, инвестициялық жобаларды іске асыру, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпарат алу;

9) жергілікті деңгейде сыртқы бақылау органдарымен өзара іс-қимылды жасасу;

10) жүйені пайдалану тиімділігін арттыру бөлігінде Есеп комитеті қызметкерлерін оқытуды, қайта даярлауды қамтамасыз ету және оларды нормативтік құжаттарда пайдалануды регламенттеу есебінен ақпараттық жүйенің ақпараттық және функционалдық сервистерін қосу.

Жобаның келесідей тікелей нәтижелерге алып келеді:

1. жергілікті деңгейдегі ЕК және сыртқы аудит органдарының бірыңғай ақпараттық кеңістігі;

2. Есеп комитетінің барлық ақпараттық ресурстары мен сервистеріне орталықтандырылған қауіпсіз қол жеткізуді қамтамасыз ететін ЕК – нің Интранет-порталын жаңғырта отырып Есеп комитетінің өзара іс-қимылының бірыңғай нүктесі болып саналады;

3. бюджет процесіне қатысушыларымен, жергілікті деңгейдегі сыртқы мемлекеттік аудит органдарымен, мемлекеттік биліктің заң органдарымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауы;

4. бақылау объектілерінде бағылау іс-шараларын жүргізу үшін құжаттарды дайындау мерзімдерін азайту және бағылау-тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша қажетті есептілікті шығару мерзімдерін қысқарту арқылы есебінен ЕК қызметкерлері қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыру болып есептеледі;

5. бақылау іс-шараларын жоспарлау және де жүргізу кезінде тәуекелдерді басқарудың кеңейтілген жүйесінің енгізілуі есебінен шектеулі еңбек және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану және бақылаудың сапалы нәтижелерін алу;

6. электрондық архив жүйесін енгізу есебінен бақылау іс-шараларын

жүргізу кезінде құжаттарды тиімді жинауды, сыныптауды, сақтауды және іздеуді қамтиды;

7. ЕК – нің қолданыстағы ақпараттық жүйелерінің талдамалық

құрамдастарынан алынған деректер мен ақпаратты егжей-тегжейлі және толық талдау арқылы қаржылық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау;

8. құжаттарды, есептілікті стандарттау.

ТЭН-нің жеке бөлімі қазіргі саяси (хаттамалық және өзге де тапсырмаларды, нормативтік құқықтық актілерді көрсете отырып), әлеуметтік-экономикалық және басқа да жағдайларға арнаулы керек[20]. ТЭН-де жүйенің функционалдық құрылымын анықтау керек. Оны іске асырудың негізгі мақсаты бақылау объектілерінде бақылау іс-шараларын жүргізу үшін құжаттарды дайындау мерзімдерін азайту және олардың нәтижелері бойынша қажетті есептілікті шығару мерзімдерін қысқарту есебінен Есеп комитеті қызметкерлерінің сапасы мен тиімділігін арттыру болып табылады. Бұл қолданыстағы ЕК жүйелерін дамыту, жаңа ақпараттық жүйелерді құру, сыртқы аудит органдарының ішкі жүйелерінің деректерін және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректерін бірыңғай қоймаға интеграциялауды іске асыру үшін компонентті әзірлеу, сондай-ақ шешім қабылдауды қолдау жүйесінің функцияларын іске асыруды көздейтін қуатты талдамалық жүйені құру арқылы мүмкін болады.

Қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерді құру әдістерін (екі деңгейлі және үш деңгейлі) қарастыра отырып, таңдалған әдісті негіздеу қажет [3].

Аппараттық-техникалық база мен бағдарламалық жасақтамаға қойылатын талаптарды таңдауды негіздеу қажет:

1. серверлік жабдық;
2. операциялық жүйе;
3. жүйе пайдаланушыларының қол жеткізуін шектеу;
4. жүйенің сенімділігі;
5. талдамалық Web-порталға;
6. деректер базасына;
7. деректер қоймасының түрлері;
8. деректерді сақтау және резервтеу жүйелеріне.

Технико-технологиялық бөлімде жобаның қажетті инженерлік, көліктік және телекоммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі туалы ақпарат берілуі керек.

Бұдан бөлек, бөлім облыстардың, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының тексеру комиссияларының негізгі қызметін жоспарлау мен бақылаудың бағдарламалық-аппараттық кешенінің сипаттамасын қамтуы тиіс [3].

ТЭН-нің Экологиялық бөлімі интеграцияланған ақпараттық жүйенің қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін айқындауы тиіс.

Сонымен қатар, бөлімде пайдаланылған ақпарат көздері туралы ақпарат болуы тиіс.

Жоғарыда қарастырылған бөлек ТЭН-де тәуекелдерді талдау бөлімі болуы керек. Ол келесілерді көрсетеді:

- a) тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау әдістері;
- b) сәйкестендірілген тәуекелдер тізбесін.

Қажет болған жағдайда ТЭН-ге қосымша ақпаратты: диаграммаларды, суреттерді, жергілікті жердің карталарын және ТЭН-де келтірілген ақпаратты растайтын құжаттарды қамтуы мүмкін қосымшалар қосыла беріледі.

Мемлекеттік аудит органдары мән әртүрлі деңгейдегі бақылау қызметінің басқа да субъектілерінің ақпараттық өзара іс-қимылының ахуалдық модельдерін жүйелендіру және жіктеу арқылы оның құрылымдарының ұйымдастырушылық дербестігі жағдайында мемлекеттік аудиттің интеграцияланған ақпараттық кеңістігін қалыптастыру тұжырымдамасы әзірленді және ұсынылды.

Экономикалық ақпарат көздерімен өзара іс-қимылда мемлекеттік аудиттің ақпараттық кеңістігін қалыптастыру ұғымы нақтыланған болатын. Бұл кезең дербес зерттеуді, жаңа ғылыми тәсілдер мен мамандандырылған технологияларды әзірлеуді қажет ететінін көрсетті.

Әдебиеттер

1. Оксикбаев О.Н. Государственный финансовый контроль: проблемы и поиск решений – Астана. Фолиант 2018. -108 с
2. Абленов Д.О. Финансовый контроль и углубленный аудит: теория, методология, практика – Алматы: 2017.-485с.

3. Мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық желілерін пайдалану және олардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы // [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005783>

Аннотации

Государственный аудит считается обязательной частью управления государственными финансами и другими ресурсами государственного сектора экономики. Институт государственного аудита основан не только на контроле за значимостью, эффективностью, результативностью и экономичностью управления ресурсами общества, своевременном выявлении отклонений от принятых нормативов деятельности, но и на выполнении предупредительных функций с целью своевременного исправления ситуации или принятия меры по недопущению подобных нарушений в будущем. Являясь составной частью государственного регулирования, государственный аудит обеспечивает независимую объективную оценку результатов управленческой деятельности и предоставляет информацию, позволяющую разрабатывать и реализовывать корректирующие решения, направленные на достижение цели социально-экономического развития на принципах открытости и гласности. Реализация эффективных мероприятий органами государственного аудита может быть реализована только при наличии соответствующих форм и методов их работы, высококвалифицированного персонала, развитой информационной среды и установленной нормативно-правовой базы.

Annotation

State audit is considered an obligatory part of the management of public finances and other resources of the public sector of the economy. The Institute of State Audit is based not only on monitoring the significance, efficiency, effectiveness and efficiency of managing society's resources, timely detection of deviations from the accepted performance standards, but also on the performance of preventive functions in order to correct the situation in a timely manner or take measures to prevent such violations in the future. part of state regulation, state audit provides an independent objective assessment of the results of management activities and provides information that allows developing and implementing corrective decisions aimed at achieving the goal of socio-economic development on the principles of openness and publicity. The implementation of effective measures by the state audit bodies can be implemented only if there are appropriate forms and methods of their work, highly qualified personnel, a developed information environment and an established regulatory framework.



ӘОЖ 574

*Жуматаева Б.А., PhD, доцент,
Esil University, Нұр-Сұлтан қ.*

МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТ САЛАСЫНДАҒЫ КАДРЛАР ДАЯРЛАУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

2021 жылғы 31 наурыздағы «Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №188 қаулысына негізінде халыққа қолайлы қоршаған ортаны құруға және елдегі экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған «Жасыл Қазақстан» жобасы бекітілді [1]. Жоғарыда келтірілген іс-әрекеттер еліміздің жасыл экономикаға көшу жолында екендігін айқындайды. Демек, осы жолда қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиімділік аудиті –

мемлекеттік экологиялық аудит бойынша кәсіби мамандарды даярлау жүйесінің аса қажет екені осы мақаланың өзектілігін дәлелдейді.

Кілт сөздер: қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік экологиялық аудит, мемлекеттік аудит жүйесі, өндіріс шығарындылары, талдау–сараптау қабілеттіліктері, қоршаған орта, ғылыми–зерттеу жұмыстары

Ключевые слова: охрана окружающей среды, государственный экологический аудит, система государственного аудита, производственные выбросы, аналитико-экспертные возможности, окружающая среда, научные исследования

Keywords: environmental protection, state environmental audit, state audit system, production emissions, analytical and expert capabilities, environment, scientific research

Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит бойынша кадрлар даярлау сала ретінде жас екенін жоғарыда атап өттік. Сәйкесінше, бұл жүйенің салалық дамуы да ілгеріде деп айта алмаймыз. Төменде мемлекеттік экологиялық аудит бойынша кадрлар даярлаудағы айқын мәселелерді қарастырамыз.

Кез келген саланың жетілген жүйесін қалыптастыру алғашқы базалық қадамдардан басталады. Ең алдымен, жүйені реттейтін заңды күші бар актілердің қабылдануы маңызды.

Елімізде мемлекеттік аудит жүйесін реттеуде басты құжаттар ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Бюджет кодексін, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңын айта аламыз. Бұл жүйені нормативтік–құқықтық реттеудің алғашқы сатысы – заңнамалық деңгейді негіздейді. Реттеудің келесі деңгейлері осы заңдарға ілеспе болып саналатын жүйені құраушы элементтердің жұмысын реттеуге бағытталған нормативтік–құқықтық актілерден, әдістемелік нұсқаулықтардан тұрады.

Мемлекеттік экологиялық аудиторларды даярлау үшін заңды негізде бұл мамандарға қандай талаптар қойылатындығын, олардың қандай білім мен біліктілікке ие болуы шарт екендігін айқындайтын құжат қабылдануы түпкі мақсатымызға жету жолын жеңілдетеді. Негізгі мақсатымыз – Қазақстан Республикасында мемлекеттік экологиялық аудит бойынша сапалы кадрлар даярлау. Демек, бұл мақсатқа жету үшін кадр сапалы деп саналуы үшін қандай критерийлерге сай болуы керек деген сұраққа нақты, негізделген жауапты қажет етеміз.

Қандай іс-әрекет жасасақ та, заңсыздыққа жол бере алмаймыз. Сәйкесінше, кез келген жобаның, жүйенің негізі болып заңды күші бар нормативтік–құқықтық актілер табылады. Тиісті сала бойынша кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтитын ережелер бар. Бірақ мемлекеттік экологиялық аудит салалық ерекшеліктерді ескеруді талап етеді.

Нақтырақ айтсақ, елімізде «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңға, «Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын бекіту туралы» Есеп комитеті мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 30 қарашадағы бірлескен бұйрығына сәйкес мемлекеттік аудиторлардың кәсіби құзыреттіліктері айқындалған. Аталған құжаттар негізінде мемлекеттік аудиторларға қойылатын талаптар нақты көрсетілген. Алайда мемлекеттік экологиялық аудит мемлекеттік аудиттің арнайы түрі болып саналатындықтан, жоғарыдағы құжаттарға экологиялық аудиторларға қойылатын талаптарды нақтылайтын өзгерістер енгізу қажеттілігі бар.

Екіншіден, мемлекеттік экологиялық аудит білім беру бағдарламасы негізінде тек Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ бакалавр деңгейінде ғана мамандар даярлауда. Аталған білім беру бағдарламасы «Мемлекеттік аудит» мамандығы шеңберіндегі эксперименттік білім беру бағдарламасы болып табылады.

Сәйкесінше, білім беру бағдарламасында шикіліктер жоқ емес. Алдыңғы бөлімшелерде «Экологиялық аудит» БББ аясында білімгерлердің екі бірдей кафедрадан дәріс алатындығын атап көрсеттік. «Мемлекеттік аудит» және «Қоршаған ортаны қорғау және инжиниринг» кафедралары БББ–на мемлекеттік экологиялық аудитті жүргізуде қажетті білімді өз дисциплиналары шеңберінде береді. Алайда білімгерлердің бейін картасында екі саланың түйіскен тұсын анықтайтын, экологиялық талдау, сараптау дағдыларын мемлекеттік экологиялық аудитті жүргізуде қалай қолдану қажеттігін нақтылайтын пәннің болмағанын

көрдiк. Бiлiмгер «Қоршаған ортаны қорғау және инжиниринг» кафедрасынан алған дәрістері негiзiнде:

- өндiрiс шығарындыларын бақылау, мониторинг жасау;
- қоршаған ортаға антропогендiк әсердi бағалау;
- табиғи ресурстарды басқарудың тиiмдiлiгiн арттыру;
- тiршiлiктiң негiзгi қағидаларын бiлу;
- тiрi ағзалардың өзара және қоршаған ортамен қарым–қатынасын зерделеу, т.с.с дағдыларды игередi [2].

Бiрақ мемлекеттiк экологиялық аудиттi жүргiзу барысында осы - дағдыларын қолдана алмаса, кадрдың бәсекеге қабiлеттi, тиiмдi қызмет атқаратын маман болуы екiталай.

Үшiншiден, теориялық базаның болмауы. Қазақстан Республикасында мемлекеттiк экологиялық аудит тек тиiмдiлiк аудитiнiң бiр бағыты ретiнде жүзеге асырылады. Жоғарыдағы талдаулардан осы уақытқа дейiнгi жүргiзiлген мемлекеттiк экологиялық аудит iс–шараларының үлесi де аз екендiгi байқалды.

Яғни, сала теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да толық қалыптасып үлгермеген. Оған қоса, экологиялық аудит елiмiзде жас сала болғандықтан, әлi де көптеген зерттеулер жүргiзудi талап етедi. Сәйкесiнше, мемлекеттiк экологиялық аудит бойынша базалық түсiнiк беретiн оқу құралдары, ғылыми–зерттеу жұмыстары саусақпен санарлық. Төртiншiден, кадрларды даярлаудағы мамандардың жетiспеушiлiгi. Мемлекеттiк аудит бойынша елiмiзде 4 ЖОО ғана бiлiм бередi. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ бiлiм берудiң үш деңгейiнде де маман даярлайтын жалғыз ЖОО. «Мемлекеттiк аудит» мамандығы бойынша бiлiм беру жүйелi жұмыс жасап келедi деп айта аламыз. Бiрақ мемлекеттiк экологиялық аудиторларды даярлаудан бұрын бiлiм берушi персоналды, ақпараттық базаны ұйымдастыру маңызды. Себебi елiмiзде мемлекеттiк экологиялық аудиттiң практикада жүргiзiлмегендiгiн, жүйеленбегендiгiн ескерсек, толық зерттелмеген сала бойынша кадрлар даярлау тәуекелдерi көп қадам деуге болады.

Бесiншiден, теориялық және практикалық бiлiмнiң сәйкес келмеуi. Бұл тек мемлекеттiк экологиялық аудит бойынша емес, басқа салада да бiлiм берудiң мәселесi деуге болады. Көп жағдайда жұмыс процесiнде тек теориялық бiлiмнiң болуы аздық ететiнi байқалады. Ел президентiнiң 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсеткенiндей, «түлектiң алған бiлiмi еңбек нарығына шыққанға дейiн–ақ жеткiлiксiз болып қалуы мүмкiн». Қазiр әлем көз iлеспес жылдамдықпен дамып жатқанда, бiлiм беру бағдарламаларын да жаңа жағдайға бейiмдеу – кезек күттiрмейтiн шаруа. Сондықтан оқу процесiнде бiлiмгерлердiң кәсiби бiлiктiлiгiн арттыруға, практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкiндiк беретiн дисциплиналарды қосуды қарастыра аламыз.

Алтыншыдан, салада кадрларды ұстап қалу мүмкiндiгiнiң болмауы. Мемлекеттiк аудитор бiлiктiлiгiн иеленуге үмiткер адамдарды сертификаттау қағидаларына сәйкес сертификаттаудың үш деңгейiнде үмiткерлерге жоғары бiлiмiнен бөлек келесi талаптар қойылады:

- тиiстi саладағы iшкi мемлекеттiк аудитор бiлiктiлiгiн иелену үшiн мемлекеттiк аудит және қаржылық бақылау органдары жүйесiнде немесе оның атқаратын қызметiне сәйкес келетiн экономика, қаржы, құқық немесе аудит саласындағы халықаралық ұйымдарда немесе квазимемлекеттiк сектор субъектiлерiнде кемiнде екi жыл жұмыс өтiлi бар болуы керек;

- мемлекеттiк аудитор бiлiктiлiгiн иелену үшiн аудит жүргiзумен байланысты бағыттар бойынша мемлекеттiк аудит және қаржылық бақылау органдары жүйесiнде немесе сәйкес бағытта қызмет атқаратын экономика, қаржы, құқық және аудит саласындағы халықаралық ұйымдарда;

- квазимемлекеттiк сектор субъектiлерiнде кемiнде екi жыл жұмыс өтiлi бар болуы керек;

- жоғары санатты мемлекеттiк аудитор бiлiктiлiгiне ие болу үшiн үмiткердiң мемлекеттiк аудитор сертификаты, Қаулыда көрсетiлген халықаралық кәсiби ұйымдардың бiрiнен бiлiктiлiгiн растайтын құжаты,

мемлекеттiк аудит және қаржылық бақылау органдарында мемлекеттiк аудитор ретiнде немесе аудит жүргiзумен байланысты бағыттарда кемiнде бес жыл жұмыс өтiлi болуы керек.

Жоғары санатты мемлекеттiк аудитор бiлiктiлiгiн қарастырмаған күннiң

өзінде, білімгер «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша білімі бар екенін растайтын құжатының ғана негізінде сертификаттаудан өте алмайды. Бұл тұста назар аударатын жайт: экономикалық білімі және талап етілетін жұмыс өтілі бар кез келген маман, тестілеуден жеткілікті деңгейде балл жинаса, көздеген сертификатына ие бола алады. Алайда, елімізде «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша кадрлар даярланатын болғандықтан, сертификаттау кезінде оларға жеңілдіктер қарастырылуы қажет деп ойлаймыз.

Жетіншіден, жұмыс берушілердің бейхабарлығы. «Мемлекеттік экологиялық аудит» білім беру бағдарламасымен бакалавр дәрежесін алған түлек мемлекеттік экологиялық аудитті сыртқы мемлекеттік аудит органдары жүргізетіндіктен, потенциалды жұмыс беруші ретінде аталған мемлекеттік органдарды көреді. Алайда бұл органдар өкілдерінің барлығы мемлекеттік экологиялық аудит бағытында кадрлар даярланып жатқандығын білмеуі мүмкін.

Әзірге бұл тек эксперименттік білім беру бағдарламасы екеніне қарасмастан, түлектердің ары қарайғы еңбек жолына әсер етуі мүмкін қайшылықтар ескерілуі қажет. Елімізде мемлекеттік экологиялық аудиттің орны мен маңызы айқындалып, аясының кеңейтуге бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылуы керек.

Қорытындылай келе, мемлекеттік экологиялық аудит бойынша кадрлар даярлауда орын алған мәселелерді қарастырдық. Бұл мәселелердің шешімі сәтті табылатын болса, маман даярлау жүйесі де ілгерілейді.

Кез келген жүйенің дұрыс жұмыс жасауы үшін еңбек ресурстарының, яғни

адами капиталдың рөлі ерекше. Жоғары білім мен біліктілікке ие, жас мамандар әрқашан да саланың дамуына мүмкіндік береді. Жоғарыда мемлекеттік аудит жүйесінің кадрлық қамтамасыздандырылу деңгейін және мемлекеттік экологиялық аудит бойынша кадрлар даярлығын талдадық. Анықталған мәселелерді негізге ала отырып, саланы жетілдіру бойынша төмендегі ұсынымдарды береміз.

1. Алғашқы орында мемлекеттік экологиялық аудит мамандарын даярлаудың заң тұрғысынан реттелуін қамтамасыз ету. Қазіргі таңда мемлекеттік аудиторларды даярлау және қайта даярлау саласын реттеуге бағытталған «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы» және «Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы» Есеп комитетінің қаулылары қабылданған. Аталған қаулыларға дейінгі деңгейде «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңымыз бар. Бірақ мемлекеттік экологиялық аудиттің жүргізілуін регламенттейтін құжаттар саны Есеп комитетінің Төрағасымен бекітілген «Халықаралық тәжірибені ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиімділік аудитін жүргізу жөніндегі әдіснамалық басшылықпен» ғана шектеледі. Мемлекеттік экологиялық аудит мемлекеттік аудиттің арнайы түрі ретінде толық жүйеленуі үшін саланы реттейтін заң жобасы әзірленуі қажет деп санаймыз.

2. Біздің елімізде мемлекеттік экологиялық аудит қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиімділік аудиті ретінде жүргізілетінін айттық. Халықаралық тәжірибені ескерсек, мемлекеттік экологиялық аудит тек тиімділік емес, аудиттің барлық типтері бойынша жүргізіледі. Бұл экологиялық аудиттің позициясын тұрақтай түсіп, аясын кеңейтеді. Сәйкесінше, мемлекеттік экологиялық аудитті зерттеуге, тәжірибелер жасап, саланың дамуына әсер ететін тетіктер де артады.

Мемлекеттік экологиялық аудит жүйесінің тұрақталуы, өз кезегінде, сапалы кадрлар даярлауға, оларға қойылатын талаптарды нақтылауға, теориялық базаның қалыптасуына мүмкіндік береді. Сондықтан Қазақстанда мемлекеттік экологиялық аудитті қаржылық есептілік, сәйкестік аудиті бойынша да жүргізуді енгізу қажет деп санаймыз.

3. Елімізде мемлекеттік экологиялық аудит бойынша кадрлар даярлау қазір тек бакалавр деңгейінде бір ғана ЖОО-да эксперименттік білім беру бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Яғни, әзірге жоғары білім берудің алғашқы деңгейінде ғана ұйымдастырылған. Жоғарыдағы бөлімшелерде біз «Экологиялық аудит» білім беру бағдарламасы негізінде білімгерлер екі бірдей кафедра дисциплиналары бойынша дәріс алатындығын, алайда болашақ мамандардың экологиялық және экономикалық білімдерін интеграциялайтын тетіктің жоқ екендігін анықтадық. Демек, мемлекеттік экологиялық аудиттің түсінігін, мақсаты мен

міндеттерін, оның жүргізілуін айқындайтын пән ретінде – «Мемлекеттік экологиялық аудит» пәнін білім беру бағдарламасына қосу қажет деп санаймыз.

4. Кез келген жүйенің рационалды жұмыс жасауы оны құрайтын әрбір бөлшегінің дұрыс жұмыс жасауына тікелей байланысты. Біздің жағдайымызда «Мемлекеттік экологиялық аудит» білім беру бағдарламасына «Мемлекеттік экологиялық аудит», «Мемлекеттік экологиялық менеджмент» пәндерін қосу маңызды: бұл пәндердің негізінде болашақ мамандардың кәсіби дағдылары қалыптастырылады. Алайда елімізде мемлекеттік экологиялық аудиттің жас сала екенін, жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың үлесі төмен екендігін ескерсек, білікті мамандардың да жоқтың қасы екені таңқалдыратын жайт емес. Яғни, саланы жетік білетін маман болмаса, жаңа кадрларды даярлауды қалай ілгерілетсек болады? Білімгер мен педагог арасындағы қарым-қатынас мәселесі білім беру жүйесінде ерекше орын алады: студенттердің білімді және мәдениетті маман ретіндегі тұлғасын қалыптастыруда педагог басты рөлге ие. Сондықтан мемлекеттік экологиялық аудиттің Қазақстанда қалыптасуына үлкен үлес қосқан ғылыми қызметкерлердің, мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің мемлекеттік экологиялық аудит бойынша кадрлар даярлауға қатысуын ынталандыру қажет. Жоғарыда ұсынылған «Экологиялық аудит» дисциплинасы бойынша теориялық базаның қалыптастырылуы, пән ретінде толық құрастырылуы – ауқымды зерттеулерді талап ететін жұмыс. Осы жауапкершілікпен жұмыс істеуге мүдделі қызметкерлерден жұмыс тобын құруды ұсынамыз.

5. Осы орайда білім берудің басқа деңгейіндегі «Экологиялық аудит» білім беру бағдарламаларын айтпай өте алмаймыз. Қазақстанда мемлекеттік аудит мамандығының магистрлерін екі ғана жоғары оқу орны даярласа, докторантура деңгейінде бір ғана университеттен білім алу мүмкіндігі бар. Бұл деңгейлердегі білімгерлердің ғылыми жұмыстары тұрғысынан қарасақ, мемлекеттік аудит жүйесінің толығырақ зерттелуіне, тың идеялардың туындауына және іске асырылуына, саладағы өзекті мәселелердің анықталып, шешімін табуына ықпал етеді. Сәйкесінше, мұндай артықшылықтар мемлекеттік экологиялық аудитті айналып өтпеуі қажет. Экологиялық аудит бакалавры атанған студент үшін саланы кеңінен зерттеуге мүмкіндік беретін магистратура және ары қарайғы докторантура деңгейі қол жетімді болса, саланың даму қарқынын арттыратыны сөзсіз.

6. Еліміздегі мемлекеттік аудит жүйесінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің де маңызы зор. Мемлекеттік аудиторларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстары мемлекеттік аудиторлардың үздіксіз білім алуына, өз-өзін кәсіби тұрғыдан дамытуына жағдай жасайды. Осы тұста мемлекеттік аудитор сертификатына ие қызметкерлерді мемлекеттік экологиялық аудитор ретінде қайта даярлауды ұйымдастыруды ұсынамыз. Мемлекеттік аудит саласында жеткілікті тәжірибеге ие мамандар экологиялық аудиторға қажетті дағдыларды меңгеру үшін қайта даярлау курсына жазыла алады. Бұл тетік іске қосылатын болса, жаңа кадрлар еңбек нарығына шыққанға дейін де, елімізде мемлекеттік экологиялық аудиттің сала ретінде дамуына мүмкіндік беретін мемлекеттік аудиторлар қауымы қалыптасатын болады.

7. Жоғарыдағы бөлімшелерде студенттердің мемлекеттік аудит органдарында ғалым–практиктерден дәріс алуы кәсіби дағдыларды қалыптастыруға, жұмыс ортасын сезініп, талдау–сараптау қабілеттіліктерін жетілдіруге септігін тигізетінін айттық. Бұл жоғары оқу орнында мемлекеттік аудиторларды даярлауды алғаш қолға алған – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ–дегі «Мемлекеттік аудит» кафедрасының бәсекелік артықшылықтарының бірі болып табылады. Білім беру жүйесінің өзекті мәселесі – теориялық білімнің практикалық дағдыларды қалыптастыруға жеткіліксіздігін шешу жолында еңбек нарығының талаптарына сай келетін маманды даярлауды мақсат етуіміз шарт. Осыған орай, мемлекеттік аудит органдарында оқылатын дәрістерден өзге, өткізілетін практикалық сабақтардың да үлесін арттыру қажет деп санаймыз. Бұл тұста тек елордалық органдардың емес, өзге де өңірлік мекемелердің белсенді қатысуына мән бергеніміз жөн.

2020 жылы бастау алған Covid–19 пандемиясы цифрландырудың жаңа мүмкіндіктерін ашқаны ақиқат. Білім беру жүйесінде де көптеген жаңа құралдар қолданылып, қашықтықтан білім берудің артықшылықтарын көрдік.

Ақпараттық технологиялардың жетілген кезеңінде басқа да территориялық мемлекеттік аудит органдарымен ғылыми конференциялар, дәрістер, мамандар даярлау бойынша дөңгелек үстелдер ұйымдастыруға болады. Мемлекеттік аудит бойынша маман даярлайтын жоғары оқу орындарының саны артып келе жатқанын білеміз, сәйкесінше, бәсекеге қабілетті, жұмыс берушілердің сұранысына жауап беретін сапалы кадрлар даярлауға бүкіл Қазақстан аумағындағы мемлекеттік аудит органдары өкілдері мүдделі болуы қажет.

8. Жоғарыдағы Алматы қаласы бойынша Тексеру комиссиясының мысалында жасаған зерттеулеріміз мемлекеттік органдарда «Мемлекеттік аудит» базалық біліміне ие мамандардың жоқ екендігін көрсетті. Қазіргі таңда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар бос жұмыс орындарының болмауынан өз мамандығымен емес, басқа бағытта жұмыс жатқан жағдайлар көптеп кездеседі.

Мемлекеттік экологиялық аудит түлектері үшін потенциалды жұмыс беруші болып сыртқы мемлекеттік аудит органдары табылады. Бұл мемлекеттік мекемелерде жас мамандарға бос жұмыс орындары қарастырылмайтын болса, кадрларды салада ұстап қалу мүмкіндігінен айырыламыз. Сәйкесінше, мемлекеттік аудит бойынша сапалы, жас мамандарды нағыз жұмыс ортасына енгізіп, кәсіби дағдыларын мемлекеттік аудитті ұйымдастыру мен жүргізу барысында шыңдауын қамтамасыз ететін негізгі бейімделу кезеңін жіберіп аламыз. Сондықтан мемлекеттік аудит органдарындағы «Мемлекеттік аудит» базалық біліктілігіне ие мамандардың үлесін көтеру аса маңызды деп санаймыз. Бұл, өз кезегінде, «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша білім алған түлектердің жұмыспен қамтылу мәселесін шешуге де әсерін тигізеді. Осылайша, мемлекеттік экологиялық аудит бойынша кадрлар даярлау жүйесінің өзекті мәселелерін шешуге және оны жетілдіруге мүмкіндік беретін ұсынымдарды бердік.

Мемлекеттік экологиялық аудиттің Қазақстандағы қалыптасуы жақында ғана бастау алғанына қарамастан, бұл бағытта білім беруде қателіктерге жол бере алмаймыз. Себебі тәжірибе ретінде білім беру де уақытты талап етеді: педагогтың және білімгердің. Бұдан өзге, жобаның іске асырылуы үшін мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінуде. Бұл ресурстардың нәтижесіз іске жұмсалыуына жол бере алмаймыз, сондықтан мемлекеттік экологиялық аудит бойынша кадрлар даярлауды барынша жетілдіруіміз қажет.

Әдебиеттер

1. «Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 наурыздағы №188 қаулысы. – [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000188>

2. Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша білім беру бағдарламалары. –[Электрондық ресурс] URL:<https://ef.enu.kz/subpage/obrazovatelnye-programmy>

Аннотация

На основании постановления Правительства Республики Казахстан № 188 о проекте Указа Президента Республики Казахстан от 31 марта 2021 года «Об утверждении перечня национальных проектов» реализован проект «Зеленый Казахстан», направленной на создание благоприятной среды обитания человека и улучшение экологической обстановки в стране [1]. Вышеуказанные мероприятия свидетельствуют о том, что страна находится на пути перехода к «зеленой» экономике. Таким образом, аудит эффективности в области охраны окружающей среды - система подготовки специалистов в области экологического аудита - государственный экологический аудит, доказывает актуальность темы данной статьи.

Annotation

Based on the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 188 on the draft Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated March 31, 2021 “On approval of the list of national projects”, the Green Kazakhstan project was implemented, aimed at creating a favorable human environment and improving the environmental situation in the country [1]. The above activities indicate that the country is on the path to a green economy. Thus, the performance audit in the field of environmental protection - the system for training specialists in the field of environmental audit - the state environmental audit, proves the relevance of the topic of this article.

Кажмухаметова АА, к.э.н., ст. преподаватель
 Тусибаева Г.С., PhD, асс. профессор
 Esil University, г. Нур-Султан

СПОСОБЫ ПРОВЕРКИ УЧЕТНЫХ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ ДАННЫХ ПРИ ВЫЯВЛЕНИИ СЛЕДОВ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ

В статье рассмотрена сущность проверок учетных данных при выявлении экономических правонарушений. Раскрыта роль первичной документации в бухгалтерском учете. Отражение в учете хозяйственных операций исключительно на основе документальных данных позволяет на любой момент времени иметь достоверные сведения о наличии тех или иных средств у каждого материально ответственного лица в отдельности, а также в целом у того или иного предприятия. Фальсификация данных бухгалтерского учёта, вызывает различные несоответствия, которые находят своё отражение в учётно-экономической информации. Для того чтобы успешно выявлять мошеннические операции, особое значение приобретает знание комплекса специальных методов и способов исследования учетной документации.

Тұжырымдамада айтылғандай, бүгінде ҮЕҰ-дың келесі шешілмеген тұстары байқалуда: елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына үкіметтік емес сектордың қосқан үлесін есепке алу жүйесінің болмауы, ҮЕҰ-ның мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділігі, қаражаттың түсу көздерін әртараптандырудың болмауы, қайырымдылық институтының жеткіліксіз дамуы; үшінші сектордың транспаренттілігінің төмен болуы және т.б.

Аталған мәселелерді шешу мақсатында уәкілетті органмен, нақтырақ айтқанда, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен (Министрлік) кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Оның ішінде, «Қазақстан Республикасының волонтерлік қызмет, қайырымдылық, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында еріктілердің жұмысын еңбек өтіліне бағалау, Министрлікке барлық орталық мемлекеттік органдардағы әлеуметтік тапсырыстардың бағытын өзектендіру және бекіту бойынша қосымша функционалдық міндеттерді бекітуді және басқа да өзгерістерді енгізуді көздеуде.

Жалпы алғанда, жоғарыда айтылған мәселелерді шешу үшін мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ арасында әріптестік қатынасты толықтай цифрлық форматқа ауыстыру қажеттігін басып айтқым келеді.

Мысалы, қазіргі таңда, қаржылық тетіктің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және сатып алулар түрлері ғана «Мемлекеттік сатып алулар порталы» ақпараттық жүйесінде іске асырылады.

Бұл дегеніміз – Министрліктің қызметінде осы салаға байланысты қандай-да бір шұғыл ақпарат қажет болғанда, Қаржы министрлігіне жүгінуді талап етеді және ҰЕҰ тарапынан өзге қаржылық тетіктердің орынды жұмсалыуына байланысты күмән туғызады.

Сонымен қатар, ҰЕҰ-ның мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділігі мәселесінде, АБҚО Мемлекеттік гранттық қаржыландыру бойынша жобалық кеңсесі директоры Ж. Бисембиевтің пікірінше, дамыған азаматтық қоғамда ҰЕҰ қаржыландыруды бес топқа бөлуге болатынын айтты, олар:

1. Бірінші топ – мемлекеттік қаржыландыру тетігін қолданушылар;
2. Екінші топ – шетел қорын қолданушылар;
3. Үшінші топ – бизнес;
4. Төртінші топ – жеке қорлар және
5. Бесінші топ – краудфандинг және қаржыландыру түрі отыздан елуге дейінгі проценті краудфандингті құраған ҰЕҰ-ның қызметі тұрақты деп есептуге келеді [7].

Бұған дәлел ретінде Ұлыбританияның ҰЕҰ-ға мемлекеттік қолдау көрсету формасын тілге тиек етуге болады. Мұнда ҰЕҰ қызмет көрсетуде белсенді рөл атқарады, бұл ретте олар мемлекеттік қаржыландыруға тәуелді емес және оның отыз бес проценттен елу бес процентке дейін құрайды, қалғаны - басқа да қаржылық ұйымдардың ресурстарының үлесі.

Батыс елдерінің тәжірибесінде қоғамдық ұйымдарды қаржыландырудың мемлекеттік саясаты мемлекеттің ҰЕҰ-ға тең серіктес және қоғам дамуының маңызды факторы ретінде анықталады. Сондай-ақ, Еуропа елдеріндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторлардың интеграциясының ауқымы әртүрлі, ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктің тиімді тәсілдерін іздеу әр түрлі. Осыған байланысты, шартты түрде мемлекеттер ҰЕҰ-ға қаржылық қолдау деңгейлері бойынша төмендегідей жіктеледі.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қаржылық қолдаудың континенттік үлгісі (*Германия, Франция елдерінде*).


Мемлекет үшінші тараптың көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуі есебінен немесе көрсетілетін қызметтердің негізгі жеткізушілеріне және олардың мүдделі топтарына субсидиялар беру арқылы қаржыландыруды өзіне алады. Мұндайда әлеуметтік қызметтерді көрсетуге белсенді қатысатын және олардың негізгі жеткізушілері бола алатын ҰЕҰ кірістерінің едәуір бөлігі (*елу бестен жетпіс бес процентке дейін*) мемлекеттік қаржыландыруға тиесілі. Мысалы, Германияда қоғамдық ұйымдар қауымдастық деңгейінде (*қала, ауыл*) ұсынатын қызметтерге артықшылық беріледі.

ҰЕҰ-ды мемлекет тарапынан қаржылық қолдау ағылшындық үлгіде (*Ұлыбритания*) аса маңызды болып табылмайды. Көп жағдайда қаржылық қолдау мемлекеттік емес ұйымдар арқылы жүзе асып отырады. Сол себепті ҰЕҰ-ның бұл үлгіде қызмет көрсетуде белсенді рөл атқарады, бұл ретте олар мемлекеттік қаржыландыруға тәуелді емес, ол отыз бестен елу бес процентке дейін құрайды, қалғаны-бұл басқа қаржы ресурстарының үлесі. Мұндай жағдай ҰЕҰ-ға мемлекет үшін неғұрлым тартымды серіктес болуға мүмкіндік береді.

ҮЕҰ мемлекеттік қаржылық қолдаудың скандинавтық үлгісі (*Финляндия, Швеция, Норвегия, Дания, Исландия*). Бұл үлгі мемлекетке негізгі қызметтерді орындауда жетекші рөлін атқаруды қамтамасыз етеді. ҮЕҰ әлеуметтік қызмет көрсетуге қатыспайды, өкілеттілік функцияларды орындайды, яғни өз мүшелері мен түрлі қауымдар мүшелерінің спорттық, мәдени және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандырады. Қоғамдық ұйымдарды мемлекеттік қаржыландыру деңгейі басқа модельдермен салыстырғанда салыстырмалы түрде төмен көрсеткішті байқатады (*жиырма бес-отыз бес проценті*).

Орталық және Шығыс Еуропа, сондай-ақ Жерорта теңізінің үлгісі (*Мажарстан, Эстония, Латвия және т.б. елдерде*) ҮЕҰ қызметін мемлекеттік қаржыландырудың төмен деңгейімен сипатталады. Мұндай жағдай ҮЕҰ-ға мемлекет үшін неғұрлым тартымды серіктес болуға мүмкіндік береді [8].

Еуропа елдеріндегі ҮЕҰ-ға мемлекеттік қолдау көрсетуді талдауды қорытындылай келе, біз ҮЕҰ-ның өсуіне және азаматтардың әл-ауқатына әсер ететін тікелей және жанама қаржылық тетіктерді қамтитын мемлекеттегі ҮЕҰ-ды қаржыландыру тетіктерінің схемасын жасадық (1-схема).



1 сурет. Еуропа елдеріндегі ҮЕҰ қаржыландыру схемасы*

* Автормен құрастырылған

Тағы бір айта кететін мәселе, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес үздік заманауи технологиялық құралдарды қолдану арқылы адамдардың кең тобының шығармашылық қабілеттерін, білімі мен тәжірибесін ерікті түрде пайдаланатын, қазақстандықтардың өзекті мәселелерін тиімді түрде шешуге бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобалардың тізбесін қалыптастыруға бағытталған краудсорсингтік платформаларды дамытудың қажеттілігі маңызды болып табылады.

Шетел тәжірибесінде, мысалы, Голландияда азаматтық кеңістіктің бизнес-кейсі және азаматтық кеңістіктің онлайн платформалары жұмыс жүргізеді [9].


Бұған қоса, Жаңа Зеландия, Испания, Чили елдерінде мемлекет пен ҮЕҰ арасындағы тікелей диалогты қамтамасыз ететін ақпаратқа қол жеткізу ресми порталдары да іске асырылған [10].

Демократиялық мемлекеттің әлемдік аренада мықты қалыптасуы үшін мемлекет пен үшінші сектордың өзара іс-қимылын жүйелі түрде дамыту қажет.

Осыған байланысты Министрлік «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде. Аталған құжатта мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектордың өзара іс-қимылын және тұтастай алғанда басқа да өзгерістерді жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін стратегиялық әріптестік тетігін енгізу ұсынылады [11].

Аталған заң жобасы қабылданған жағдайда жоғарыда көрсетілген бірқатар проблемалық мәселелерді шешуге болады, сондай-ақ, енгізілген жаңалықтар мемлекет пен ҰЕҰ өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сонымен, Қазақстан Республикасында мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы өзара іс-қимылды қаржылық мемлекеттік қолдау схемасы төменде келтірілген (2-схема):



2 сурет. ҚР ҰЕҰ қаржылық қолдау механизмдері (Автормен құрастырылған)

Қазіргі уақытта Министрліктің ұйымдастыруымен өткен ҰЕҰ-ды кәсіби біліктілігін арттыру іс-шарасының негізінде 2021 жылы жарнама, қаржы және несие, заңнамалық көзі ашықтық, заманауи технологиялар, жобаларды реттеу, тұрақты әрекет ету, тағы өзге де жобалау түрлері туралы арнайы оқу бағдарламасы мен сегіз оқу-құралдары жобасы дайындалды, мың алты жүзден астам ҰЕҰ өкілдеріне осы құралдар арқылы дәріс берілді және ұялы қосымшасы іске асырылды. Бұл, өз кезегінде елдегі ҰЕҰ-ның сауаттылығын жан-жақты арттыруға мүмкіндік береді.

Баяндалғанның негізінде аталған цифрлық бастамаларды дамыту арқылы халық арасындағы өзекті мәселелерді алдын ала анықтауға және оларды жедел шешуге, сондай-ақ, мемлекеттік

басқарудың барлық деңгейіне әлеуметтік тәуекелдердің, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар мен грант және премиялардың басым бағыттарын анықтауға үлкен мүмкіндік береді.

Осылай мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы бизнес-үрдістерін цифрлық нысанға келтіру арқылы үшінші сектор қызметінің транспаренттілігін жоғарылату мүмкіндігіне ие боламыз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (Актіні өзгерту күні 23.03.2019)

2. «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Заң 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V ҚРЗ// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000383> (Актіні өзгерту күні 01.07.2021)

3. Қазақстанның елдік бағдарламасы аясында ЭЫДҰ Ашық Үкімет бөлімшесінің саяси талдаушысы Хилле Хинсбергтің есебі, https://www.oecd-ilibrary.org/sites/d21f1e98-en/1/2/2/index.html?itemId=/content/publication/d21f1e98-en&_csp=fb0ab420bb3f8102213a3f87558dbef1&itemIGO=oecd&itemContentType=book#section-d1e2301

4. Қоғамдық-кеңестердің ақпараттық-әдістемелік интернет-ресурсы // [https://kazkenes.kz/kk/\(4/11/2021ске асырылды, жоба 2019-дан бастау алады\)](https://kazkenes.kz/kk/(4/11/2021ске%20асырылды,%20жоба%2019-дан%20бастау%20алады))

5. Kenes мобильді қосымшасын әзірледі// <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/news/details/289950?lang=kk> (24/11/2021 жарияланған, ҚР АҚДМ баспасөз қызметі)

6. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 341 қаулысы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000341>

7. «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ Мемлекеттік гранттық қаржыландыру бойынша жобалау кеңсесінің директоры Б. Бисембиевтің ҰЕҰ туралы интервьюінен үзінді

8. Еспенова М.М., «Финансовые механизмы взаимодействия государственных органов и неправительственных организаций» Инструктивное Пособие по предоставлению государственного социального заказа, грантов, премий для неправительственных организаций в сфере здравоохранения, ОФ «Камеда»:учеб.- пособие/ Еспенова М.М., Сейфулина Л.А.// <http://kncdiz.kz/files/00006964.pdf>

9. Голландиялық Partos ассоциациясының The Spindle краудсорсингтік платформасы // <https://thespindle.org/project/the-business-case-of-civic-space/>

10. БҰҰ-ның корупцияға қарсы ресурстық орталығының тапсырысымен Сильвана Фумегга, Фабрицио Скроллини «Exploring the role of digital civil society portals in improving Right to Information regimes»// <https://www.u4.no/publications/exploring-the-role-of-digital-civil-society-portals-in-improving-right-to-information-regimes>

11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлік қызмет, қайырымдылық, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына салыстырмалы кесте жобасы


Аннотация

Данная статья направлена на проведение всестороннего анализа состояния гражданского общества в условиях демократии Республики Казахстан. В период становления страны развитие неправительственного сектора сопровождалось количественным ростом неправительственных организаций (НПО). Важным фактором демократизации социума является последовательное развитие и улучшение качественного состояния взаимодействия государственных органов и НПО, ответственных за общественный диалог. Вместе с тем, для развития конструктивного общественного диалога в условиях глобализации требуется постоянное совершенствование механизма взаимодействия государственной власти и НПО. Изучение зарубежного опыта взаимодействия различных государств с гражданским сектором позволяет применять на практике их лучшие стороны.


Annotation

This article is aimed at conducting a comprehensive analysis of the state of civil society in the conditions of democracy in the Republic of Kazakhstan. During the formation of the country, the development of the non-governmental sector was accompanied by the quantitative growth of non-governmental organizations (NGOs). An important factor in the democratization of society is the consistent development and improvement of the quality state of interaction between state bodies responsible for public dialogue and NGOs. At the same time, the development of constructive public dialogue in the context of globalization requires constant improvement of the mechanism of interaction between state authorities and NGOs. Studying the foreign experience of interaction of different states with the civil sector makes it possible to use the best of them in practice.





**ЭКОНОМИКАДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ИНФОРМАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ В ЭКОНОМИКЕ
INFORMATION METHODS AND TECHNOLOGIES IN ECONOMICS**



ӘОЖ 004.09

Азиева Г.Т., магистр, аға оқытушы
Байдаулетова А.Т., магистр, аға оқытушы
Esil University, Нұр-Сұлтан қ.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЭКОНОМИКАДА ҚОЛДАНУ

Бұл мақалада экономика мен басқару мәселелерін шешуде ақпараттық технологияларды қолдану қарастырылған. Ақпараттық технологияларға байланысты негізгі түсініктер беріледі. Сондай-ақ қазіргі уақытта экономикада ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігін негіздейді.

Ақпараттық және компьютерлік технологиялардың дамуы мен үздіксіз жетілдірілуі нәтижесінде дүниеге келген ақпараттық өркениет құру дәуірі ретінде сипаттауға болады. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар басқару тиімділігін арттырудың негізгі факторы болып табылады, оған аппараттық құралдардың құнының төмендеуі мен қуатының артуы, мәліметтерді өңдеудің ақпараттық технологияларын енгізу, әртүрлі тиімді бағдарламалық қамтам асыз етуді әзірлеу, сондай-ақ ақпараттық технологиялардың кең таралуы ықпал етуде.

Кілт сөздер: ақпарат, экономика, технология, компьютер, үздіксіз даму, ғылым, интеллектуал

Ключевые слова: информация, экономика, технология, компьютер, непрерывное развитие, наука, интеллектуаль

Keywords: information, economics, technology, computer, continuous development, science, intellectual

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар заманауи экономиканың дамуында маңызды рөл атқарады. Қазір виртуалды немесе ақпараттық экономика сияқты ұғымдарды жиі естисіз. Себебі, ақпараттық технологиялар мен экономика бір-бірімен тығыз байланысты екі сала болып табылады, олар бірігіп оң экономикалық және сонымен қатар оң өндірістік нәтиже береді. Ақпараттық технологияны қолданбай, заманауи экономика серпінді және қарқынды дами алмайды, мемлекет артта қалғандар тізімінде болады. Қазір экономикадағы заманауи ақпараттық технологиялар ақпараттық ресурстарды компьютерде тиімді және тиімді өңдеу, оларды ең қысқа мерзімде кез келген қашықтыққа жеткізу мақсатында қолданылады.

Бір қызығы, ақпараттық экономика қазіргі кезеңде төлем құралы қызметін атқаратын ақшаның қызметін өзгертті. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың дамуының арқасында мемлекеттің заманауи экономикалық қызметінің дамуында маңызды рөл атқаратын виртуалды банктік және төлем жүйелері пайда болды.

Сонымен қатар, экономикадағы ақпараттық технология – оң оңтайлы нәтиже алу мақсатында компьютерлер мен басқа да жабдықтарды пайдалана отырып, экономикалық ақпарат бойынша жүзеге асырылатын әрекеттер жиынтығы.

Экономикада ақпараттық технологиялар мәліметтерді тиімді өңдеу, сұрыптау және іріктеу үшін, адам мен компьютерлік техниканың өзара әрекеттесуінің ең тиімді процесін жүзеге асыру үшін, ақпаратқа деген қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін, сондай-ақ операциялық өзара әрекеттесу үшін қажет.

Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар экономикалық маңызды шешімдерді қабылдаудың тиімді құралы ретінде қызмет етеді және адам қызметінің кез келген саласында тиімді басқару процесіне қатысады. Ақпараттық технологиялардың заманауи үлгілері оның негізінде дұрыс және теңгерімді басқару шешімін қабылдау үшін экономикалық маңызды нәтижені қате есептеу және болжау үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ, бұл модельдер жүйе көрсеткіштерінің жинақталған экономикалық тиімділігін, тәуекелдерін және икемділігін есептеуге мүмкіндік береді.

Ақпарат ұғымы қазіргі ғылымдағы негізгі ұғымдардың бірі болып табылады. Қазіргі қоғам өмірінде ақпараттың маңызы тез артып, ақпаратпен жұмыс істеу әдістері өзгеріп, жаңа ақпараттық технологиялардың қолданылу аясы кеңейіп келеді. Ақпаратты жинау, тіркеу, беру, сақтау, өңдеу және беру жолдары, әдістері мен құралдары ақпараттық технологияларды анықтайды.


«Ақпараттық технология» (АТ) деп әртүрлі салалардағы ақпараттық қызметті автоматтандырудың нысандары, әдістері мен құралдарының жиынтығы түсініледі. Ғылым ретінде ақпараттық технология әдістемелік және әдістемелік ережелерді, ұйымдастырушылық параметрлерді, аспаптық және техникалық құралдарды пайдалану әдістерін және т.б., ақпараттық өндірісті және осы өндіріске қатысатын адамдардың қызметін реттейтін және қолдайтын барлық нәрсені қамтиды. Жаңа ғылыми білімді нақты ақпараттық технологияға айналдыру – ғылым ретіндегі ақпараттық технологияның негізгі міндеті [1].

Экономикада және менеджментте ақпараттық технологияларды қолдану практикалық қолдану үшін қолайлы, қоғамдық процестерді жүзеге асыру және ұйымдастыру үшін ғылыми білім мен практикалық тәжірибенің шоғырланған көрінісін ресми түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл процестерді жүзеге асыру үшін қажетті еңбек шығындарын, уақытты және басқа да материалдық ресурстарды үнемдеу көзделеді. Сондықтан ақпараттық технологиялар маңызды стратегиялық рөл атқарады, ол үнемі өсіп отырады.

Ақпараттық технология жалпы алғанда бірқатар қасиеттерге ие:

- ресурстардың басқа түрлерін үнемдейтін қоғамның ақпараттық ресурстарын белсендіруге және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді;
- әлеуметтік және экономикалық процестердің ең маңызды, интеллектуалдық функцияларын жүзеге асыру;
- ақпараттық қоғамды қалыптастыру және дамыту кезеңінде ақпараттық процестерді оңтайландыруға және көп жағдайда автоматтандыруға мүмкіндік беру ;
- бұқаралық ақпараттың таралуына ықпал ететін адамдардың ақпараттық өзара әрекетін қамтамасыз ету. Ақпараттық технологиялар қоғам мәдениетімен тез игеріледі, көптеген әлеуметтік, тұрмыстық және өндірістік проблемаларды жояды, ішкі және халықаралық экономикалық және мәдени байланыстарды кеңейтеді, жер шарындағы халықтың миграциясына әсер етеді;
- қоғамды интеллектуалдандыру, білім беру жүйесін, мәдениетті және өнердің жаңа (экрандық) түрлерін дамыту, әлемдік мәдениет пен адамзаттың даму тарихы жауһарларын танымал ету процесінде орталық орын алу;
- жаңа білімді алу, жинақтау, тарату процестерінде шешуші рөл атқарады;
- әлеуметтік және саяси шиеленіс, экологиялық апаттар, ірі технологиялық апаттар жоғарылаған аймақтардағы көптеген табиғи жағдайларды болжауға мүмкіндік беретін жаһандық процестерді ақпараттық модельдеу әдістерін енгізуге мүмкіндік береді.
- Ақпараттық технологияның дамуы қазір принципті жаңа деңгейге көтерілді. Ақпаратты өңдеудің техникалық құралдарының қарқынды дамуымен әртүрлі автоматтандырылған ақпараттық технологиялар пайда болды [2].

1-Суретте автоматтандырылған ақпараттық технологиялардың келесі классификациясы кездеседі (1-сурет).



1-сурет. Автоматтандырылған ақпараттық технологияның классификациясы

Ақпараттық технологияларды қамтамасыз етудің техникалық құралдарының кешеніне компьютерлік техника, байланыс құралдары және ұйымдастыру жабдықтары кіреді. Есептеуіш техника құралдары ақпараттық технологияның техникалық құралдарының бүкіл кешенінің негізін құрайды және ең алдымен басқару іс-әрекетінде қолданылатын ақпараттың әртүрлі түрлерін өңдеуге және түрлендіруге арналған.

Ақпараттық технологиялар қазіргі экономикада үлкен рөл атқарады. Бүгінгі күні олар виртуалды немесе ақпараттық экономика сияқты тұжырымдаманы жиі пайдаланады. Бұл ақпараттық технологиялар мен экономиканың бірігіп оң экономикалық нәтиже мен оң өндірістік нәтиже беретін бір-бірімен байланысты екі сала екендігіне байланысты.

Экономикадағы заманауи ақпараттық технологиялар дәлелденген алгоритмдер бойынша ақпараттық ресурстарды тиімді және тиімді компьютерлік өңдеу, экономикалық маңызды ақпараттың үлкен көлемін сақтау және оны ең қысқа мерзімде кез келген қашықтыққа жіберу үшін қолданылады. Соңғы ақпараттық технологияларсыз экономика бұдан былай қалыпты дами алмайды [3].

Экономикада ақпараттық технологиялар деректерді тиімді өңдеу, сұрыптау және іріктеу үшін, адам мен компьютердің өзара әрекеттесу процесін жүзеге асыру үшін, ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін, жедел коммуникациялар үшін және т.б. үшін қажет. Ақпараттық технологиялар экономикалық маңызды шешімдерді қабылдауға көмектеседі және бизнесті тиімді басқару процесіне тікелей қатысады. Қазіргі ақпараттық технология үлгілері экономикалық маңызды нәтижені есептеуге және болжауға және оның негізінде дұрыс басқарушылық шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл модельдер жүйе көрсеткіштерінің жинақталған экономикалық тиімділігін, тәуекелдерін және икемділігін есептеуге мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық технологиялар – ақпаратты компьютерлік өңдеу.

Процестерді талдауға арналған компьютерлік технологиялар мен оларды модельдеу технологиялары қолданылатын экономикалық қызмет саласын елестету қиын. Компьютерлік модельдеу зерттеудің барлық дерлік салаларына кеңінен еніп кетті. Көптеген басқа процестерден айырмашылығы, белгілі себептермен толық ауқымды экспериментте экономикалық процестерді зерттеу мүмкін емес. Сондықтан кез келген дерлік экономикалық процесті зерттеудің ең қолайлы және тиімді әдісі компьютерлік модельдеу болып табылады.

Экономикалық процестердің компьютерлік модельдері үшін бастапқы мәліметтер олардың түріне қарай аналитикалық, кестелік, графикалық және т.б.

электрондық деректерді өңдеу басқару функцияларын автоматтандыру шешімдерді қолдау электрондық кеңсе эксперттік қолдау мәтіндік редактор жүйелері электрондық кесте жүйелері деректер қорын басқару жүйелері графикалық объектілері бар жүйелер мультимедиялық жүйелер гипермәтіндік жүйелер пакеттік (орталықтандырылған өңдеу) интерактивті желі (көп қолданушы) жергілікті көп деңгейлі таратылған банктік есеп технологиялары қызмет салық қызметін сақтандыру қызметі және т.б.

Компьютерлік модельді құру әдісі осы мақсатта қолданылатын бағдарламалық құралмен анықталады. Электрондық кестелік процессор – бұл басқа сипаттағы есептеулерді орындауға мүмкіндік беретін және алгоритмдеу және бағдарламалау саласындағы білімді қажет етпейтін визуалды орта.

Жұмыс парағы үшін кітапхана функцияларының үлкен жиынтығы қажетті үлгіні дайындау процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Электрондық кестеде белгілі бір мәселені шешу кезінде деректерді ұйымдастырудың және өңдеу әдістерінің әртүрлі формаларында жүзеге асырылатын, сенімді нәтижелерді қамтамасыз ететін әртүрлі модельдерді қолдануға болады. Электрондық кестелік процессордың мүмкіндіктері оған енгізілген, статистикалық талдау және оңтайландыру үшін әртүрлі бағдарламалық пакеттерді қамтитын қосымшалардың арқасында айтарлықтай кеңейді [4].

Ақпараттық технологиялардың, заманауи компьютерлік техниканың және оның математикалық бағдарламалық қамтамасыз етуінің үлкен мүмкіндіктері кеңінен қолданылмайды.

Ақпараттық-компьютерлік технологияларды іс жүзінде қолдану экономистер, қаржыгерлер, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары компьютерді пайдалана отырып, шешім қабылдау үшін қажетті талдау жүргізе алатын деңгейге әлі жеткен жоқ; ақпараттың үлкен көлемін өңдеу; күрделі аналитикалық есептеулерді жүргізу; сыртқы және ішкі факторлардың әсерін ескере отырып, өз кәсіпорыныңыздың қызметіне еліктеңіз; жанжалды жағдайларды шешу мүмкіндіктерін талдау.

Ақпараттық-компьютерлік технологиялар мен соңғы ұрпақтың компьютерлік технологиясы бұрын тек теориялық немесе қарапайым мысалдармен сипатталған көптеген әдістерді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ақпаратты компьютерлік өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған ақпараттық жүйелердің дамуы жаңа, өте кең ақпараттық базаны жасайды, ол экономикада іздеудің және шешім қабылдаудың жаңа, бұрын белгісіз әдістерін құруға серпін болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Борисов А.Б. Большой экономический словарь. — М.: Книжный мир, 2018. — 895 с.;
2. Информационные технологии (для экономиста): уч. пособие / под общей ред. А.К. Волкова, Гаврилов Л.П. Информационные технологии в коммерции: учеб. пособие / Л.П. Гаврилов. - м.: инфра-м, 2021;
3. <http://www.imis.ru>-Институт информационных систем управления;
4. Мельников П.П. Экономикадағы компьютерлік технологиялар: Прок. жәрдемақы. – М.: КНОРУС, 2020. – 212 б.
5. Гринберг А.С., Шестаков В.М. Экономикалық басқару процестерін модельдеудің ақпараттық технологиялары: Прок. университеттерге жәрдемақы. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2017. – 399 б.

Аннотация

В данной статье речь идет об использовании информационных технологий в решении экономических и управленческих задач. Даны основные понятия, связанные с информационными технологиями. Также обосновывается необходимость использования информационных технологий в экономике на данный момент. Его можно охарактеризовать как эпоху создания информационной цивилизации, рожденной в результате развития и постоянного совершенствования информационно-компьютерных технологий.

В настоящее время информационные технологии являются основным фактором повышения эффективности управления, на что влияет снижение стоимости и увеличение мощности технических средств, внедрение информационных технологий обработки данных, разработка различного эффективного программного обеспечения, а также как широкое распространение информационных технологий.

Annotation

This article is about the use of information technologies in solving economic and managerial problems. Knowledge of basic concepts related to information technologies. The need to use information technologies in the economy at the moment is also substantiated. It can be characterized as the era of the creation of information civilization, born as a result of the development and constant improvement of information and computer technologies.

Currently, information technologies are the main factor in increasing the efficiency of management, which is influenced by the decrease in the cost and increase in the capacity of technical means, the introduction of information technologies for data processing, the development of various effective software, as well as the wide spread of information technologies.



ӘОЖ 004.4

Акмолдина А.И., магистр, аға оқытушы,
Esil University, Нұр-Сұлтан қ.

ЖҮЙЕЛІК БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛДЕРІНЕ ШОЛУ

Берілген мақалада программалаудың жүйелік тілі ассемблер туралы айтылған. Төменгі деңгей программалау тілі Ассемблерді оқыту Borland фирмасының Turbo Assembler (TASM) транслятор пакеті арқылы жүргізіледі. Ассемблер тілін меңгеру кәсіби программистерді дайындау бағыты болып келеді.

Кілт сөздер: бағдарламалау, транслятор, деректермен алмасу, қисын команда, сегменттік регистр.

Ключевые слова: программирование, стример, обмен данными, логическая команда, сегментный регистр.

Keywords: programming, streamer, data exchange, logical command, segment register.

Жүйелік бағдарламалау тілдеріне Ассемблер тілі жатады. Өз атауын Ассемблер жүйелі программаның атынан алды. Бұл программа ағымды программаларды машина командаларының кодтарына айналдырады.

Ассемблер тілінде деректермен алмасу командаларына келесі командалар жатады:

mov <орнату операнды >, <операнд-түптек>

xchg <операнд1>,<операнд2>

mov – мәліметтерді жіберудің негізгі командасы. Ол жіберудің түрлі әдістерін қолданады.

Бұл команданы қолданудың ерекшеліктерін қарастырайық:

Mov командасы арқылы жадының бір аймағынан екінші аймаққа көшу мүмкін емес;

Тікелей жадыдан сегменттік регистрге жүктеу мүмкін емес;

Бір сегменттік регистрден екінші сегменттік регистрге мәліметті жіберу мүмкін емес;

Екі бағытты мәліметтерді жіберу үшін xchg командасы қолданылады. Мысал.

xchg ax,bx

xchg ax,word ptr [si]

Орталық процессорда келесі командалардың жинағы бар.

Мәліметтерді жіберу: MOV, PUSH, OUT IN.....

Арифметикалық амалдар: ADD, ADC, INC

Қисын амалдар: NOT, SHL/SAL, SHR

Мәліметтердің блоктарын өңдеу: REP, MOVS, CMPS

Басқаруды беру командалары: CALL, JMP, RET

Шартты өту командалары: JA, JAE, JS
Үзілімдердің командалары: INT, INTO, IRET
Процессордың қалып-күйін басқару: CLC, CMC, STC

Төменгі деңгей болып BIOS табылады. Оның көмегімен және порттар арқылы құрылғылар басқарылады.

Порт нөмірлері туралы мәлімет, олардың разрядтылығы, ақпаратты басқару форматтары құрылғының сипаттамасында беріледі. Ол үшін микропроцессор командалар жүйесінен екі команда ғана қолданылады:

in аккумулятор, порт_нөмірі — порт_нөмірі нөмірімен порттан аккумуляторға енгізу;
out порт, аккумулятор — порт_нөмірі нөмірімен портқа аккумулятордың мазмұнын шығару [1].

Ассемблерде програманы құрастырғанда жадыда орналасқан операндар адрестерімен жұмыс жүргізіледі. Бұл амалдарды қолдайтын келесі командалар:

lea бекіту, түптек — ықтималды адресі жүктеу;
lds бекіту, түптек — ds мәліметтер сегмент регистріне нұсқағышты жүктеу;
les бекіту, түптек — es қосымша мәліметтер сегмент регистріне нұсқағышты жүктеу;
lgs бекіту, түптек — gs қосымша мәліметтер сегмент регистріне нұсқағышты жүктеу;
lts бекіту, түптек — fs қосымша мәліметтер сегмент регистріне нұсқағышты жүктеу;
lss бекіту, түптек — ss стек сегмент регистріне нұсқағышты жүктеу;.

Lea командасы mov командасына ұқсас, өйткені екеуі де жіберу амалын орындайды. Бірақ, lea командасы мәліметтерді емес, ал олардың ықтималды адрестерін жібереді.

Мысал: Жолдарды көшіру.

```
masm
model small
.data
str_1 db 'Ассемблер — базовый язык компьютера'
str_2 db 50 dup(' ')
full_pnt dd str_1
.code
start:
lea si,str_1
lea di,str_2
les bx,full_pnt
ml:
mov al,[si]
mov [di],al
inc si
inc di
end start
```

Бұл топ стекпен ықтималды және жеңіл жұмыс істеу үшін бағытталған арнайы командалардан тұрады. Стек дегеніміз программаның мәліметтерін уақытша сақтайтын жады аймағы. Егер программист өзінің программасында стек сегментін жазуды ұмытса, онда link компоновщикі сәйкесінше хабарлама жібереді. Стекпен жұмыс істеу үшін үш регистр қолданылады:

ss - стек сегменттік регистрі;
sp/esp - стекке нұсқағыш регистрі;
bp/ebp - стек кадр базасына нұсқағыш регистрі.
Стек өлшемі микропроцессор жұмыс режиміне байланысты және 64 Кбайтпен шектеледі.

Int 21h, 01h функциясы. Символды енгізу (экранға шығарып).

шақыру кезінде: AH=01h
қайтару кезінде: AL=енгізілген мәліметтердің байты.

Int 21h, 02h функциясы. Символды шығару.

шақыру кезінде: AH=02h
AL= мәліметтердің байты.

Int 21h, 06h функциясы. Тікелей енгізу - шығару.

шақыру кезінде: AH=06h

DL=символдың коды (00h-FEh) (енгізу кезінде)

DL = FFh (енгізу кезінде)

қайтару кезінде: AL = символдың коды (енгізу кезінде); егер символ жоқ болса, онда ZF = 1.

Int 21h, 08h функциясы. Символды енгізу (экранға шығармай).

шақыру кезінде: AH = 08h

қайтару кезінде: AL = енгізілген мәліметтердің байты.

Int 21h, 09h функциясы. Жолды шығару.

шақыру кезінде: AH=09h

DS:DX = буфердің адресі.

Int 21h, 0Ah функциясы. Клавиатурадан буферленген енгізу.

шақыру кезінде: AH=0Ah

DS:DX = буфердің адресі

қайтару кезінде: мәліметтер буферге енгізілген. Буфердің форматы: байт 0 – жолдың болатын ұзындығы

байт 1 – енгізілген жолдың нақты ұзындығы

байт 2 және одан кейін – 0Dh аяқталатын жол.

Int 21h, 0Ch функциясы. Енгізу буферін тазарту және енгізу.

шақыру кезінде: AH=0Ch

AL = енгізуге қажет функцияның нөмері (01, 07, 08, 0Ah)

DS:DX = буфердің адресі (егер AH = 0Ah)

қайтару кезінде: енгізілген мәліметтердің байты (егер AH = 0Ah, онда мәліметтер буферде орналасады).

Уақыттың әр мезгілінде тек ss регистр адресі бар стекке қатынауға болады. Бұл стек ағымды деп аталады. Енді стекпен жұмыс істеудің келесі ерекшеліктерді қарастырайық:

– LIFO (Last In First Out — "соңғы келді, біріңші кетті") принципіне байланысты стекте жазу және оқу жүзеге асырылады;

– Стекке мәліметтер кіші адресстердің жағына қарай жазылады;

– esp/sp және ebp/br регистрлерін қолданғанда ассемблер автоматты түрде оның мәндерін ss сегменттік регистріне қарай ығыстырады.

Стекпен жұмыс істеу үшін ss, esp/sp және ebp/br регистрлері қолданылады. Әр регистрде өзінің функционалды тапсырмасы бар. esp/sp регистрі әрқашан стек биіктігіне көрсетеді [2].

Стекпен жұмыс істеуді арнайы оқу және жазу командалары ұйымдастырады.

push түптек – түптек мәнін стек биіктігіне жазады. Жұмыстың алгоритмі келесі түрде болады:

(sp) = (sp) - 2; sp мәні 2-ге кішірейді;

түптектен алынған мәндер ss:sp көрсететін адрессте жазылады.

pop тапсырмасы — стек биіктігінен алынған мәндер операнд көрсеткен орынға жазылады. pop командасының жұмыс алгоритмі push командасының алгоритміне керісінше:

стек биіктігінің мазмұны операнд көрсеткен орынға жазады;

(sp) = (sp) + 2; sp мәні көбейеді.

Қортындылай келе келесі амалдарды белгілейік: ішкі программаларды шақыру; регистр мәндерін уақытша сақтау; жергілікті айнымалыларды анықтау.

Әдебиеттер

1. В. Пирогов. Ассемблер для Windows (+ CD-ROM) / Владислав Пирогов. - М.: БХВ-Петербург, 2012. – 896 бет.

2. К. Г. Финогенов. «Самоучитель по системным функциям MS-DOS».- М.: «Радио и связь», 1995.382 бет.

Аннотация

В этой статье рассматривается язык системного программирования ассемблер. Обучение низкоуровневому языку программирования Assembler обеспечивается пакетом транслятора Borland Turbo Assembler (TASM). Освоение языка ассемблера - это направление подготовки профессиональных программистов.

Annotation

This article discusses the assembly language system programming. The low-level programming language Assembler is taught by the Borland Turbo Assembler (TASM) translator package. Mastering the assembly language is the direction of training professional programmers.



УДК 623.74

Акпаров Ж.А., старший преподаватель
Касенова Л.Г., к.п.н., доцент
Esil University, г. Нур-Султан

ПРИМЕНЕНИЕ БПЛА И РОБОТОВ ДЛЯ ЗАЩИТЫ И БЕЗОПАСНОСТИ РУБЕЖА СТРАНЫ

Применение беспилотных летательных аппаратов и роботов. Современное требование к обороне рубежа страны. Опыты применения БПЛА в современных военных конфликтах. Сборка и выпуск БПЛА в Казахстане. Описание современных БПЛА.

Ключевые слова: БПЛА, Bayraktar TB2, Switchblade 300, Switchblade 600, Quantix Recon, MQ-9 Reaper, Punisher, AeroVironment, дроны.

Кілт сөздер: ҰҰА, Bayraktar TB2, Switchblade 300, Switchblade 600, Quantix Recon, MQ-9 Reaper, Punisher, AeroVironment, дрондар.

Keywords: UAVs, Bayraktar TB2, Switchblade 300, Switchblade 600, Quantix Recon, MQ-9 Reaper, Punisher, AeroVironment, Drones.

В современное время для защиты границ страны от внешних угроз применение БПЛА и роботов более эффективнее чем классические средства обороны. Применение БПЛА и роботов позволяет экономить людские ресурсы и обеспечивает безопасность военных.

Применение классических средств обороны танков, самолетов БМП, БТР и других средств техники не выгодно. Это показало конфликты в Нагорном Карабахе и война в Украине. В этих конфликтах показано, что использование БПЛА и роботов в театре боевых действий уменьшает людских потерь и демореализовать воинов противника.

В современных танках, БМП, БТР боекомплект находится внутри башни техники, при попадании снарядов или бомб в технику детонируют и практически весь военный расчет погибает. Применение БПЛА и роботов в обороне и атаке противника позволяет защитить боевой расчет, оператор может находиться в защищённом удаленном расстоянии.

В этих конфликтах широко применялись и применяются турецкие БПЛА Bayraktar TB2, которые имеют следующие технические характеристики;

- Радиус действия 150 км.
- Крейсерская скорость 130 км.
- Рабочая высота 2250 футов .
- Потолок 25000 футов
- Продолжительность полета 24 часа
- Размах крыльев 12 м.
- Длина 6,5 м
- Взлет/посадка автопилот
- Максимальный взлетный вес 650 кг.
- Грузоподъемность 155 кг.
- Тип топлива Mogas Avgas.

Bayraktar TB2 - безусловно, самый известный беспилотник, стоящий на вооружении Украины. В конце прошлого года в стране было 12 этих турецких БПЛА, уже после российского начала спецоперации была получена новая партия, объем которой не разглашался.

Bayraktar TB2 имеет две главные функции: ударную и разведывательную. ВСУ неоднократно обнаруживали эффектные видео ударов с этих БПЛА по колоннам российской техники, особенно в первые дни и недели войны.

Беспилотник доказал свою эффективность в уничтожении любых видов техники, в том числе зенитно-ракетных комплексов, реактивных систем залпового огня и т.д.

Но по экспертным оценкам, пока что Bayraktar TB2 чаще используется для воздушной разведки и корректировки артиллерийского огня благодаря наличию мощной камеры.

Максимальная скорость беспилотника – 222 км/час, он может взлетать выше восьми километров и находиться в автономном режиме более суток. Комплекуются БПЛА турецкими управляемыми авиабомбами с лазерным наведением, до четырех штук на одном аппарате.

Switchblade

Этот американский беспилотник имеет совершенно другой принцип работы и задачи, чем Bayraktar TB2. Switchblade называют "барражирующим боеприпасом" или одноразовым "дроном-камикадзе". Его задача – уничтожение живой силы или техники противника, в том числе бронированной.

Украина уже получила около 700 таких беспилотников в двух модификациях: Switchblade 300 и Switchblade 600. Первый более легкий и компактный, в сложенном виде весит менее трех килограммов.

После запуска может находиться в воздухе до 10 минут и атаковать цели на расстоянии до 10 километров, развивая в момент атаки скорость в 160 км/час. Возможен как удар по заранее определенным координатам, так и корректировка через GPS и встроенную камеру.

Беспилотник Switchblade 600 весит уже 23 кг (общий вес комплекса – 55 кг), но значительно превосходит легкую модификацию по всем параметрам: по ударной силе, времени нахождения в воздухе и дальности атаки (40 минут и 40 км), скорости атаки – 185 км/час.

Обе модели используют электродвигатели, что делает их почти бесшумными и трудно обнаруживаемыми. Как сообщили на днях в компании-производителе AeroVironment, сейчас ведутся переговоры о дальнейших прямых поставках Switchblade в Украине.

Quantix Recon - это еще один продукт от производителя Switchblade – компании AeroVironment. 19 апреля там заявили, что передадут Украине более сотни дронов Quantix Recon. Задача этих БПЛА – разведка.

Они могут находиться в воздухе до 45 минут, летать на расстояние до сорока километров (но радиосвязь с Quantix Recon поддерживается только на расстоянии 2 км). Беспилотники могут подниматься на высоту более 2 километров и подробно исследовать участок в 3,2 квадратных километра.

Это еще один продукт от производителя Switchblade – компании AeroVironment. Они могут находиться в воздухе до 45 минут, летать на расстоянии до сорока километров (но радиосвязь с Quantix Recon поддерживается только на расстоянии 2 км). Беспилотники могут подниматься на высоту более 2 километров и подробно исследовать участок в 3,2 квадратных километра.

Задачи MQ-9 Reaper совпадают с задачами Bayraktar TB2 – разведка и нанесение ударов по наземным целям – но американский БПЛА намного мощнее турецкого (к тому же, может поражать даже воздушные цели, например, другие беспилотники).

Так, размах его крыльев – 20 метров, максимальный вес вместе с вооружением – около пяти тонн. Он может подниматься на высоту до 15 километров, дальность полета – до 1850 км.

MQ-9 Reaper оснащается высокоточными бомбами и ракетами, в частности известными Hellfire. Беспилотник активно используется американскими воздушными силами, в частности, в начале 2020 года MQ-9 Reaper ликвидировал высокопоставленного иранского генерала Касема Сулеймани.

В вопросе беспилотников Украина не полагается на импорт целиком и полностью. Так, во время войны активно применяются и БПЛА отечественного производства, в частности, дроны-разведчики "Фурия" и "Лелека-100".

Ударно-разведывательный комплекс Punisher в середине апреля прошел полевые испытания, скоро первые образцы поступят на вооружение Сил специальных операций ВСУ. Но пока и Punisher, и другие украинские ударные беспилотники, еще находящиеся в разработке, все же уступают передовым западным аналогам.

Война дронов в Карабахе: как беспилотники изменили конфликт между Азербайджаном и Арменией.

Видеозаписи ударов азербайджанских беспилотников по армянским целям в Нагорном Карабахе стали одним из визуальных символов нового обострения конфликта, который длится с прошлого века.

Министерство обороны Азербайджана распространяет кадры, которые снимают дроны-разведчики, обеспечивающие целеуказание, видео с камер ударных беспилотников либо записи, которые передали "дроны-камикадзе" - так иногда называют барражирующие боеприпасы. Это тоже ударные беспилотники, только они уничтожают цели, не стреляя по ним, а падая сверху и взрываясь.

Разработкой и выпуском БПЛА занимается у нас в Казахстане, лидирующая казахстанская компания, специализирующаяся на оказании услуг по воздушному мониторингу и аэрофотосъемке с использованием беспилотных летательных аппаратов (БПЛА) в Республике Казахстан с 2016 года. Также Казахстан и Турция договорилось о выпуске БПЛА в этом году. Этому проекту думаем надо приложить максимальное усилия и средства и причем незамедлительно т.к. никакое государство в современное время не гарантировано от нападения террористов.

Необходимо сейчас готовить операторов, конструкторов, специалистов по сборке БПЛА.

Литература

1. Nas, M. The Changing Face of the Interface: An Overview of UAS Control Issues & Controller Certification. / Unmanned Aircraft Technology. Applications Research (UATAR) Working Group 27: Murdoch University. – 2008.

2. Токарев Ю.П. Методы управления беспилотными летательными аппаратами в общем воздушном пространстве с использованием полётной информации при автоматическом зависимом наблюдении: дис. ... к.т.н. – СПб: СанктПетербургский государственный университет гражданской авиации, 2012.

3. Исследования в обеспечение создания унифицированного комплекса группового управления робототехническими комплексами воздушного, наземного (надводного) базирования тактического и оперативно-тактического назначения: Отчёт о НИР / СПбФ АО «Концерн «Вега»; рук. Злотников К.А.; исполн.: Злотников К.А. [и др.]. – СПб., 2015.

Аннотация

Роботтар мен ұшқышсыз ұшу аппараттарының қолданылуы. Әлемдік рубез қорғанысына заманауи талаптар. Заманауи әскери қажығысында ҰҰА қолданысын тәжірибелеу. Қазақстанда ҰҰА жинау және шығару. Заманауи ҰҰА сипаттамасы.

Annotation

The use of unmanned aerial vehicles and robots. The modern requirement for the defense of the country's border. Experiences of the use of UAVs in modern military conflicts. Assembly and production of UAVs in Kazakhstan. Description of modern UAVs.



COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗІНДЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУҒА КӨЗҚАРАСЫ: АКТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

COVID-19 пандемиясы елімізде індетті жұқтырған адамдар анықтала бастаған сәттен-ақ бастау алды. Жаппай карантин шараларының енгізілуі білім саласын түбегейлі өзгертті, яғни барлық деңгейдегі білім беру жүйелерін интернет желісін камтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолданысқа енгізе отырып, қысқа мерзімді қашықтықтан оқыту жүйесіне көшуге мәжбүр етті.

Бұл мақалада Covid-19 пандемиясы жағдайындағы жалпы білім беретін мектептердегі оқыту жағдайларына, қашықтықтан оқыту жүйесі әдістемесіне теориялық талдаулар жасалып, мектеп оқытушыларының қажеттіліктері негізделіп және оқытудың ерекшеліктері қарастырылды.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, COVID-19 пандемиясы, қолжетімді орта, ақпараттық-коммуникативті технологиялар, сауалнама, электронды оқыту, орта білім беру, мектеп

Ключевые слова: дистанционное обучение, пандемия COVID-19, доступная среда, информационно-коммуникационные технологии, опрос, электронное обучение, среднее образование, школа

Keywords: distance learning, COVID-19 pandemic, accessible environment, information and communication technologies, questionnaire, e-learning, secondary education, school

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» 2020 жылғы №123 санды бұйрығына сай қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім берудің мақсаты: сапалы білім беру қызметін алуда азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту, олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз ету болып табылады. [1]

Мемлекетіміздің саясаты барлық азаматтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени мәртебесіне қарамастан тең дәрежеде сапалы білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар, бейне сабақтардың әзірленуі және интернеттің дамуы мысал бола алады.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен қатар кемшіліктері де болғанын жасыра алмаймыз. Мысалы, барлығында дерлік интернет желісіне қосылу мүмкіндігінің болмауы, гаджеттердің жеткіліксіздігі, онлайн оқытуда білім сапасының төмендеуі, компьютерлік сауаттылықтың жеткіліксіздігі т.б. Ал артықшылықтарына келетін болсақ, әлемдік ақпаратпен байланысы, жаңа оқыту платформаларын меңгеру, компьютерлік сауаттығын шынғау, мобильділікті дамыту т.б.

Еліміздегі, қысқа мерзімді қашықтықтан оқыту жүйесіне көшу жағдайында және жалпы білім беру мекемелеріндегі білім беру жүйесіндегі туындаған мәселелерге шолу, талдаулар жүргізу мақсаты қойылған болатын.

Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

1) Еліміздегі COVID-19 пандемиясы кезінде инклюзивті топтарда қашықтықтан оқытуды қолданудың жағдайларын анықтау және тәжірибесіне талдау жасау;

2) Қашықтан оқытудың бағдарламалық негіздерін анықтау.

Қашықтан оқыту жүйесінің заманауи форматы, оқытушы мен оқушылар арасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жүргізу мен

ұйымдастырудың заманауи тәсілдеріне, оларды талдау және пайдалану бойынша дәстүрлі жұмысына үлкен өзгерістер енгізілуде.

Шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, қашықтықтан оқытуды қоса алғанда, білім беру мекемелерінде мобильді технологияларды пайдалану айтарлықтай үлес қосты. Google Classroom, Edmodo және Schoology қызметтерін, сондай-ақ WhatsApp сияқты жедел хабар алмасу бағдарламаларын, Facebook және Instagram сияқты әлеуметтік медианы, интернет желісін, қосылу мүмкіндігін, әмбебаптығын және оқытудың әртүрлі түрлерін жеңілдету мүмкіндігін пайдаланатын мультимедиялық құралдарды пайдалану ескі білім беру әдістерін зерттеуді айналып өтуі мүмкін екенін анықтады. Іске асыру деңгейінде онлайн оқыту кез-келген уақытта және кез-келген жерден ақпаратқа қол жеткізе алатын смартфондар немесе Android телефондары, Ноутбуктер, компьютерлер, планшеттер және iPhone сияқты мобильді құрылғыларды қолдануды да талап етті. [2]

Осы озық технологиялардың арқасында білім алушылар бір-бірінен физикалық жағынан ерекшеленетін немесе тіпті қашықтықта орналасқан оқу құралдарымен (мәліметтер базасы, нұсқаушылар, кітапханалар) тікелей немесе жанама түрде сөйлесе алады, өзара әрекеттесе алады және ынтымақтаса алады.

ҚР Білім және ғылым министрінің айтуынша, қазақстандық мектептер үшін қалыптасқан жағдай мүлдем жаңа және күтпеген жағдай болды. Көктемгі демалыстың ұзақтығын бір аптаға ұлғайтуға және осы уақытты карантиннің ерекше жағдайларында оқу процесін ұйымдастыруға шұғыл дайындыққа пайдалануға тура келді. Оқытудың жаңа форматына дайындық барысында негізгі мәселелер анықталды. Осы мәселелерді шешу үшін материалдарды, бағдарламаларды дайындауға, бейне сабақтар түсіруге, оқытудың, бағалау мен нұсқаулықтың жаңа ережелерін әзірлеуге, мұғалімдерге арналған оқыту курстарын өткізуге, қашықтықтан оқытуға арналған арнайы интернет-платформалардың жұмысын ашуға және ата-аналар қауымдастығымен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге тура келді.

Туындаған мәселелер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, халықаралық тәжірибені, ЮНЕСКО мен Дүниежүзілік Банктің ұсынымдарын зерделегеннен кейін бірден бірнеше қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану туралы шешім қабылданды. [3]

Білім алушылардың басым көпшілігі, атап айтқанда 2,4 млн адам интернет арқылы оқыды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқитын кейбір мектептерде педагогтар сабақты шетелдік стримингтік жүйелер арқылы өткізеді. Мысалы, Microsoft Teams, Meet by Google Hangouts және «Daryn.Online», «Күнделік» және «BilimLand» т.б.


